2. Логвиненко Е. А. К вопросу совершенствования единой системы криминалистической регистрации // Концепт. - 2015. - № 07 (июль). - С. 106–110 // <http://e-koncept.ru/2015/15244.htm>.

3. Барикова А.А. Информационные данные как объективный критерий для разделения информационного права и правовой информатики // Формирование нового облика отечественной науки: сб. ст. Междунар. науч.-практ. конф. - Киев, 2014. - С. 13.

### **ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮРГІЗУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАРИЯ ЖӘНЕ ЖАРИЯ ЕМЕС ӘДІСТЕРДІ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫРУ**

*Раббани А.,*

3 курс курсанты

*Ғылыми жетекшісі: Турымов А.Р.,*

ЖІҚ кафедрасы оқытушысы, полиция майоры  
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Қылмыстарды ашу, алдын алу бойынша өткізіліп жатқан іс-шаралар құқық қорғау саласындағы қызметтің маңыздысы. Мұнда, негізгі мақсат қызметтік міндеттері бойынша әр түрлі құқық қорғау саласындағы органдардың өзара

---

---

әрекеттестігін біріктіру өзекті болып табылады. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасында әрекеттегі нормативтік актілер мен бұйрықтар бүгінгі таңда әлі де зерделенуде. Адамдардың құқықтарын, олардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне қол сұғылмаушылықтардан қорғайтын бірден бір заң саласы жедел-іздістіру қызметі мен оның әдістері. Іске асыруда қолданылатын негізгі құралдар. Мақалада қозғалып отырған тақырыпқа сәйкес, жоғарыда аталған мақсат жедел-іздістіру қызметінің жоғары дәрежелі тиімділікке жария және жария емес әдістер мен құралдардың өзара ұштастырылуымен де жетуі мүмкін екендігін білдіреді. Практикалық іске орай, кейбір жағдайларда жедел-іздістіру шараларын айналадағылардан құпия түрде өткізуге болмайтындығын көрсетеді. Мысалы, азаматтардан сұрау алудың түрлі амалдары, жекелей тінту, кәсіпорындардың, ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен қоғамның күшін пайдалану және т.б. Мұның өзінде іс-шараны өткізудегі түпкі мақсат бүркемеленуі мүмкін. Қарастырылған қағида бойынша жедел-іздістіру шарасын жүргізу барысында сақталатын жалғыз бір сәт, тұлғадан жүргізілген жұмыстар құпия түрде болуында. Сондықтан қылмыспен күресудегі жоғары тиімділікке жету жолында ЖІҚ түрлі құралдары мен күштерін өзара саналы түрде ұштастыру міндеті аса маңызды болып табылады.

ЖІҚ жария және жария емес әдістерді ұштастыру қағидасына өз жұмыстарында С.Ж. Галиев пен О.Е. Сапарин көңіл бөлген. Біздің ойымызша, олар жария және жария емес әдістердің ұштастырылуының мақсатқа сай екендігі көп жылдық іс жүзілік қызметте-ақ дәлелденген деп дұрыс көрсеткен. Осы мүмкіндіктерді дұрыс игеріп, оларды жүзеге асыра білсе ЖІҚ мақсатына сәтті жетуге мүмкіндік береді. Мысалы, іздестірілген қылмыскердің жасырынған орнын жария емес түрде анықтап, оны жария түрде ұстауды жүзеге асыру [1].

---

---

Біздің ойымызша, жария және жария емес әдістерді ұштастыру қағидасы құрамында Н.А. Громова, В.А. Пономоренко, А.Н. Гущина және Ю.В. Францифорова бар авторлық топтың көзқарасы қызықты болып табылады. Олар, жедел-іздістіру қызметінің алдын ала, ізденістік сипаты оның жариялылық шекарасын анықтайды деп санайды. Жария ЖІШ үшін оның сипаты қатысты тұлғалардың білуі болып табылады. Мұндай іс-шараларды заңмен өкілдік берілген жедел уәкілдер жүргізеді. Жария емес ЖІШ көпшілік сипатқа ие емес. Сондықтан жария емес іс-шара өткізілетін тұлғалар қылмысты ашып, тергеумен байланысты өзіне қатысты жүргізілетін ЖІШ туралы білмеуі қажет. Бұл, басқа тұлғалардың қылмыстық ісі туралы ақпарат берген тұлғаға және қылмыс жасады деген күдік бар тұлғаға да қатысты [2].

Жедел-процессуалдық қызметтегі жария және жария емес әдістерді ұштастыру қағидасын К.В. Сурков жария, сол сияқты жария емес ЖІШ өткізу деп санайды. Жедел-іздістіру қызметінің заңына сәйкес жедел бөлімшелердегі лауазымды тұлғалар барлау операцияларын қолдануға құқылы. Осы қағида жедел-процессуалдық қызмет қылмыстық-процессуалдық әрекеттегі ЖІШ ұштасуымен, сонымен қатар жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті органдардың нормативті-құқықтық мәртебесін анықтайтын заңмен және ҚР ҚАК, Салық кодексімен, ҚІЖК, ӘҚК көзделген құқықтық шараларға негізделген деп санайды [3].

К.К. Горяинов, А.Ю. Кваш жоғарыда көзделген көзқарасты қолдап, ЖІҚ қағидалы-нормасы ретінде жария және жария емес әдістерді ұштастыруды анықтай отырып, ЖІҚ ұжымымен байланысты жедел-іздістіру заңында нұсқалған міндеттерді шешу мүддесінде алынған ақпараттарды заңдастыру үшін құқық қорғау органдарының кейбір түрінің көмегіне жүгінетіндігін баяндайды [4].

---

---

Жария және жария емес әдістерді ұштастыру құпия түрде ЖІҚ жүзеге асыратын органдармен жасырын негізде қызмет ететін азаматтардың құқықтарына кепілдік болатын қажетті құпия ақпарат көздерін бүркемелеуді және шифрлеуді қамтамасыз етеді.

Өткізілетін жедел-ізвестіру шараларының негізгі бөлігі жария емес түрде екендігі белгілі. Біздің ойымызша, жария емес сипатта қылмыспен күресте қолданылатын жедел-ізвестіру шаралары жөніндегі Р.С. Белкиннің көзқарасы назар аударуға тұрарлық болып саналады. Ол, ЖІҚ әлеуметтік құндылықтар ретіндегі объективтік қажеттілігі қазіргі жағдайда қылмыспен күрестегі заңдылықтар қатарында тамырын жайған деп ескереді. Қоғамның қоғамдық және техникалық дамуы криминогенді жағдай мен оған қарсы тиімді күрестегі құқық қорғау органдарының нақты мүмкіндігіне тікелей байланысты. Мәселенің алдын алу немесе қылмыстық-процессуалдық шаралармен шешу мүмкін емес. Қазіргі таңдағы дамыған ғылымда, заң мен техника уақытында құқық бұзушылықтармен, қылмыстармен күресудегі объективті заңдылықтар жария емес күштерді, әдістерді және құралдарды қолдануды қажет етеді. Мұндай қажеттілік қылмыскерлердің жасырын біткен мінез-құлықтарымен, сонымен қатар қылмыс жасауға дайындалып жатқан және қылмыс жасау ойындағы тұлғалар туралы ақпараттардың қалыптасу заңдылығымен шартталады [5]. Осы анықтаманы өз жұмысында В.Г. Самойлов толықтырады: «... құқық қорғау органдары алдындағы міндеттерді шешу барысында нұсқалған ақпараттарды пайдалану, алу, тексеру және бекіту мақсаттарында [6].

Біз, В.В. Сергеевтің ЖІҚ жария еместігі негізгі арнайы нысандарды, күштерді, құралдарды және әдістерді қылмыспен күресте қолдану, оның тәсілдері және ұйымдастырылудың жалпы жағдайымен, сонымен қатар тар аядағы лауазымды тұлғалардың: жедел аппарат қызметкерлерінің және олардың

---

---

басшыларының құзыреттілігіне жататын нақты жедел-іздістіру шараларымен тоғытылады деген пікірімен келісеміз. Басқа бөлімшелердің, қызметкерлеріне, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдеріне нұсқалған қызметке рұқсат етілмейді. Мұнда, өз құзыреттілігі шегінде ЖІҚ заңдылығына бақылауды жүзеге асыратын прокуратура қызметкерлеріне ғана рұқсат беріледі.

Алайда, жария емес қағиданың өзін ғана пайдалану қылмыспен күреске бағытталған нақты әрекеттерді қисынды аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік бермейді, яғни, жедел-іздістіру шараларының нәтижесін пайдалану дәлелдеу үрдісінде айғақ бола алмайды. Қылмыспен күрес мақсатындағы ЖІҚ жүзеге асыру тәртібі басқа да қызметтердің жедел бөлімдерімен – тергеумен, әкімшілік полициямен және түзеу мекемелерімен тығыз өзара әрекеттестікті қажет етеді. Негізінен мұндай өзара әрекеттестік жария түрде жүзеге асырылады. Осы көзқарасты Громов Н.А., Пономоренко В.А., Гущин А.Н., Францифорова Ю.В. ұстанады. Олар, жария және жария емес әдістер мен құралдарды ұштастыру қағидасы ЖІҚ жүзеге асырудың тиімділігі үшін аса маңызды болып табылады. Жұмыстың ақталмаған тек бір ғана түрімен айналысу адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын, заңдылықтың бұзылуына әкеліп соқтырады. Осылайша қылмысты ашып, уақытында толық анықтауға мүмкіндік бермейді. Бұл қағида ЖІҚ құқық қорғау қызметінің басқа да түрлерімен байланыс жасаушы құрал болып табылады [2, б. 58].

Біз, А.Е. Чечеткиннің жария және жария емес әдістерді ұштастыру қағидасы ЖІҚ мәнін білдіреді, сондықтан заңнамада берілген ЖІҚ анықтамасына қосылған деген көзқарасына қосыламыз. Сол себепті, біріншіден, қылмыстарды қозғау, ашу және ЖІҚ нәтижелерін дәлелдемеде қолдану сұрақтары бойынша жедел-іздістіру мен процессуалдық қызметтің өзара тығыз байланысын көрсетеді [7]. Әрекеттегі қылмыстық-іс

---

---

жүргізу заңнамасы бойынша ҚР ҚІЖК 177 [8], бабына сәйкес қылмыстық істі қозғаудың себебі мен негізі қылмыстық істі қозғауға құқылы лауазымды тұлғалар мен органдардың қылмыстарды тікелей жариялауымен жүзеге асады. ҚІЖК 182 бабына сәйкес мұндай негіздер: 1) өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында тергеуші, анықтау органының қызметкері, прокурор қылмыстардың кездейсоқ куәсі болса немесе қылмыс жасалғаннан кейінгі салдарға тап келсе; не болмаса 2) анықтау органы өз қызметтік міндеттерін жүзеге асыру барысында қылмыстар туралы ақпарат алғанда, немесе басқа қылмыс жөнінде анықтау ісін жүргізу барысында. Қылмыстық істер бойынша дәлелдеулерде жедел-іздігіру қызметінің нәтижелерін пайдалану ҚІЖК 115 және 130 баптарында көзделген [8].

Жария және жария емес әдістерді ұштастыру қағидасы «Жедел-іздігіру қызметі туралы» Заңының 8-бабындағы а) тармағында өз құзыреттілігі шегінде Заңнаманың 11-бабында аталған негіздерде алдына қойылған міндеттерді жария және жария емес әдістермен жедел-іздігіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті органдардың құқықтары бекітілген деген көздерінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған негізде, Біздің ойымызша ЖІҚ жария және жария емес әдістерді ұштастыру қағидасы қылмыспен күресте кемшілігі бар әдістердің кемшілігін толтыру үшін оңтайлы әдістермен ұштастыру көмегі арқылы толыққанды тиімділікке жетуден тұрады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Галиев С.Ж., Сапарин О.Е. Комментарий к Закону Республики Казахстан «Об оперативно-розыскной деятельности». - Алматы, 1998. - С. 15.

2. Громов Н.А., Пономоренко В.А., Гушин А.Н., Францифорова Ю.В. Доказательства, доказывание и использование результатов оперативно-розыскной деятельности: учебное пособие. -

---

---

М.: «Издательство ПРИОР», 2001. - С. 58.

3. Сурков К.В. Принципы оперативно-розыскного процесса: Основы оперативно-розыскной деятельности: учебник / под ред. В.Б. Рушайло. Серия «Учебники для вузов. Специальная литература». Изд. 2-е, испр. и доп. - СПб.: Издательство «Лань», 2000. - С. 90.

4. Горяинов К.К., Кваша Ю.Ф., Сурков К.В. Федеральный закон «Об оперативно-розыскной деятельности»: комментарий. - М.: Новый Юрист, 1997. - С. 71.

5. Белкин Р.С. Ленинская теория отражения и методологические проблемы советской криминалистики. - М., 1970. - С. 15.

6. Самойлов В.Г. Документирование по делам оперативной разработки: учебное пособие. - Горький: ГВШ МВД СССР, 1978. - С. 25.

7. Четкин А.Е. Принципы оперативно-розыскной деятельности. / Федеральный закон «Об оперативно-розыскной деятельности»: научно-практический комментарий / под ред. проф. В.В. Николюка и доц. В.В. Кальницкого. - Омск: Юридический институт МВД России, 1999. - С. 13.

8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі кодексі // [www.adilet.kz](http://www.adilet.kz)

---

---

**АДАМ МЕН АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ  
МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
ТҮРҒЫСЫНДА ЖЕДЕЛ-ТЕРГЕУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ  
ЗАҢ**

*Салапаева А.,*

1 курс курсанты, полиция қатарындағы  
*Ғылыми жетекшісі: Игликова С.Д.,*  
мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының  
аға оқытушысы, полиция подполковнигі  
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Қазақстанда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелері қазіргі уақытта өзектілігін жоғалтпады, бұл біздің мемлекетіміздің бағдарламалары мен саяси құжаттарымен расталады.

Сондықтан біздің қоғамымыз бен мемлекетіміз Ұлт Жоспарда «5 институционалдық реформаларды жүзеге асыру үшін 100 нақты қадам» Н.А. Назарбаев [1]. Бұл жоспар қауіпсіздік күштері жүйесі үшін 16-34 қадамда жоспарланған екінші президенттік реформаның «Құқық үстемдігін қамтамасыз ету» бағдарламасын іске асыруды қарастырады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауында осы қадамдардың нәтижелерін қорытындылады («Сот және қауіпсіздік жүйелерінің институционалдық трансформациясы») [2].

Қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғау құқықтарын күшейту, оның репрессивтілігін төмендету үшін заңнама енгізілді. Адвокаттардың құқықтары, сондай-ақ сотқа дейінгі сатылардағы соттық бақылау кеңейтілді. Құқық қорғау органдарының өкілеттіктері мен жауапкершілік салалары бөлінді және мынадай міндеттер қойылды



---

---

(«Азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қолдануды ізгілендіруді жалғастыру»).

Радикалдық өзгерістер процесі, барлық жүйенің жақсаруы шешімін жетілдіру, айқын құқықтық реттеу. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарына сәйкес жеке еркіндіктердің барлық құқықтарын қамтамасыз ету. Тұлға, ең маңызды мән ретінде болуы керек [3].

Мемлекеттің фактілері міне, сондықтан бүгінгі күнгі басты тапсырма. Әсіресе, экономикалық дағдарыс жағдайында адамның құқықтары, мүдделері, өмірі, денсаулығы, абыройы, кадр-қасиетін қорғау болып табылады. Жеке мінсіздікті және толық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Алайда жедел-іздістіру іс-шараларын жүзеге асыру қылмыстық-құқықтық реттеу саласында тартылатын азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін белгілі бір дәрежеде шектемеуі мүмкін. Мемлекеттің қылмыстық анти-қоғамдық көріністерін болдырмау, алдыналу қажеттілігі, адамның құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, бір жағынан мүдделер қақтығысын тудырады. Сондықтан адамның және азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын жедел-іздістірудің негізгі қағидаттары мен нормаларын іске асырумен байланысты қатынастарды реттейтін заңнамада бекітілген маңызды. Бұл үрдіс қылмыстық іс жүргізу заңнамасында айқын көрінеді. Ғалымдар атап өткендей, А.Н. Ахпанов және А.Л. Хан «Мемлекет адамның ең жоғары құндылығын, оның құқықтары мен бостандықтарын жариялады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы), қылмыстық процестің жеке және қоғамдық принциптері арасындағы ұтымдылықты табу қажет болды [4].

Бекітілген постулаттары ескеріле отырып, 1994 жылғы 15 қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қайта қарау қажет. Осы Заңда

---

---

адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нормалар бар.

5-баптың жеке-дарасы жедел-іздістіру іс-шараларын жүзеге асыру кезінде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтауға арналған. Осылайша, мақалада Заңда көзделмеген мақсаттар мен міндеттерге жету үшін жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыруға, сондай-ақ оларды жүргізу барысында алынған ақпаратты пайдалануға тыйым салу белгіленеді; азаматтардың жоғары тұрған органға, прокуратураға немесе сотқа жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органның заңсыз іс-әрекетіне шағымдану құқығы; қылмыс жасағаны немесе қылмыс жасағаны үшін кінәсі дәлелденбеген адамның құқығы және оны тексерудің негізі болып табылатын жедел-іздістіру қызметі туралы ақпарат пен оның ақпаратына қатысты қол жетімді ақпараттың мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қоспағанда, ақпаратты талап ететін органнан талап ету [5].

5-баптың 5-тармағында «жеке тұлғаның жеке өміріне, ар-намысына және қадір-қасиетіне қатысты жедел-тергеу қызметі барысында алынған заңда тыйым салынған әрекеттерді қамтымайтын ақпарат сақталуы және жойылуы мүмкін емес» деген ереже бекітілген.

Заңның 15-бабы тікелей тыйым салады:

- азаматтардың өміріне, денсаулығына және мүлігіне қатер төндіретін іс-әрекеттерді жасау, қажет болған жағдайда және қажет қорғаныс жағдайларын қоспағанда;

- кез келген саяси партияда, сондай-ақ қоғамдық және діни бірлестіктерде іс-әрекеттер жасау;

- азаматтарды қылмыс жасағаны үшін үгіттеп, арандату;

- жедел-іздістіру материалдарын бұрмалау және әдейі жалған немесе жалған мәліметті пайдалану;

- жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу барысында белгілі болған адамның және азаматтың жеке өміріне, жеке және

---

---

отбасылық құпияларына, азаматтың ар-ожданы мен қадір-қасиетіне, заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтардың келісімінсіз әсер ететін ақпаратты ашуға құқылы.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасының «жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңында адамның және азаматтың адамның бостандықтары мен заңды мүдделерінің құқықтық қорғалуы белгіленеді.

Сондай-ақ, 3-бапта жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығы принципі туралы ештеңе айтылмаған, бірақ бұл идея 2-бөлімнің мазмұнынан туындайды. Жедел-іздістіру қызметімен айналысатын органдардың әрекеттеріне жоғары тұрған орган немесе прокуратура немесе сот шағым жасай алады. Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңының 3-бабы мынадай редакцияда жазылсын: 3-бап. Жедел-іздістіру қызметінің принциптері.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. Ұлт жоспары «100 нақты қадам - 5 институционалдық реформа» // <http://www.akorda.kz>.
2. Төртінші индустриалды революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар // <http://www.adilet.kz>
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған. - Алматы: Норма-К, 2015.
4. Ахпанов А.Н., Хан А.Л. Талдаудың түп нұсқасын өзгерту: Қазақстан Республикасындағы процесс: заңнама заңы // <http://online.zakon.kz/Document/?cloc-id-37944034>
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексі Алматы: «ЮРИСТ», 2016. - 348 с.

---

---

## ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА КҮШ ҚОЛДАНУ

*Талапбай Ғ.,*

3 курс курсанты

*Ғылыми жетекшісі: Тоқжанов Е.Н.,*

ЖІҚ кафедрасының оқытушысы, полиция майоры  
ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Жедел қызметкерлердің күш қолдануы жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың алдына қойылған жедел-тәсілдік міндеттерді шешуге қажетті жағдайлардың бірі болып табылады. Атап айтқанда бұл қылмыскерлерді айғақпен ұстауда кездеседі. Кейбір жағдайларда күш қолданусыз тұлғаның кінәсін мойындату не дәлелдеу мүмкін емес. Есірткінің заңсыз айналымы, қорқытып алушылық, жемқорлықпен байланысты құқықбұзушылықтарға қарсы іс-шаралар өткізу барысында, құқықбұзушылар, қылмыстық қол сұғу объектілерінен – көбінесе ақша мен есірткіден дәлелдеме зат ретінде құтылу үшін небір қулық-сұмдықтарға барады.

Ұстауда қарсылық таныту міндеттерін шешу үшін жедел-ізвестіру қызметкерлері күш қолданады. Алайда, соңғы уақыттарда шегіне жеткен сәттерде ғана күш қолдануды жүзеге асыруда. Оған дейін ұстау көзделген тұлғаға психологиялық тұрғыда жалынып, «жалпайып» ұстау кезінде көрсететін қарсылық заңды тұрғыда ауыр зардаптарға әкеліп соқтыратынын ұғындыруға тырысады.

Күш қолдануды заңмен реттеу жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы барлық органдар үшін қызмет етудегі басты жағдай болып табылады. Соңғы уақыттарда жедел-ізвестіру қызметкерлері үшін күш қолданудың салдары құқықтық не болмаса қылмыстық жауапкершіліктерге әкеліп соқтыруда. Мұнда, күш қолдану Қазақстан Республикасы

---

---

Конституциясының 17-бабының 2-бөлігінде көзделгендей «ешкім де зорлыққа ұшырамауы тиіс» ... Бұл құқық ешқандай талқыға жатпайды. Бірақ, жедел-іздістіру қызметкерлері құқық бұзушыға қарсы қолданатын күш зорлыққа жатады ма? Бүкіл Әлемдік Денсаулық сақтау Ұйымының анықтамасына сәйкес зорлық – адамның өз өзіне немесе басқа да тұлғаларға қасақана түрде келтіретін қазаға ұшырату, тән жарақаттары, психологиялық күйзеліс, дамудағы ауытқушылық және басқа да әр түрлі зардаптарға әкеліп соқтыратын іс-әрекетті білдіреді [1]. Сондықтан, зорлықпен қатысты қылмыстар үшін ҚР Қылмыстық кодексінде бірқатар бап санкциялары көзделген [2]. Сонымен қатар, өз өкілеттігін асыра пайдаланушылықтың белгілеріне жататындай құқыққа қарсы күш қолдануға арналған жекелей баптар да бар (ҚР ҚК-нің 362-бабы).

Осыған сәйкес Біздің көзқарасымыз бойынша әрекеттегі заң өзгертулер мен толықтыруларды қажет етеді.

ҚР «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңындағы нормаларда жедел қызметкерлердің күш қолдануы көзделмеген, дегенмен, «Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың құқықтары» аталған 8-бапта көрсетіп өтуге болар еді [3].

Бұл норма «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 15, 59, 60-баптарында жазылған [4]. Мұнда, күш қолданудағы негізгі мақсат қоғамға қауіпті әрекеттерді тоқтату, құқық қорғау органдарына нақты жағдайлар мен жасалған құқық бұзушылықтың сипаты ескеріле отырып кінәлі тұлғаларды ұстап, жеткізудегі қажет кезде күш қолданылады делінген.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы басқа органдар үшін күш қолдану ҚР жекелей Заңдарында жазылған. Мысалға, «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР Заңының 15-1, 15-2-баптарын келтіруге болады [5]. Бұл жағдайда күш қолданудағы негізгі мақсат құқық бұзушылықтың сипаты мен нақты жағдайларды ескере отырып, қоғамға

---

---

қауіпті іс-әрекеттерді жасаған адамдарды ұстап алу, заңды талаптарға қарсы іс-қимылды еңсеру үшін, егер күш қолданбау тәсілдері ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпесе, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға құқылы деп көрсеткен.

Сырттай бақылау органдары үшін күш қолданудың негіздері «Сыртқы барлау туралы» ҚР Заңының 13, 15, 16, 16-1-баптарында көзделген [6]. Бұл жағдайда күш қолданудағы негізгі мақсат құқық бұзушылықтың сипаты мен нақты жағдайларды ескере отырып, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасаған адамдарды ұстап алу, заңды талаптарға қарсы іс-қимылды еңсеру үшін, егер күш қолданбау тәсілдері сырттай барлау органдарына жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпесе, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға құқылы делінген.

Осыған ұқсас негізде Мемлекеттік күзет қызметі де күш қолдануды жүзеге асырады. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы» ҚР Заңының 11-бабына сәйкес [7] Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің және әскери қызметшілерінің күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне қауіп төндіретін, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасаған адамдарды ұстау, заңды талаптарға қарсы әрекеттерді жою үшін, егер күш жұмсалмайтын әдістер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпейтін болса, күш жұмсауға, соның ішінде күрестің әскери тәсілдерін де қолдануға құқығы бар делінген.

Өкінішке орай, ҚР Қорғаныс Министрлігінің әскери барлау қызметі үшін дене күшін қолдану бойынша нормаларды «Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мен Қорғанысы туралы» ҚР Заңынан көре алмадық [8].

---

---

Байқауымызша, қарастырылып отырған тақырыпқа сәйкес бірыңғай құқықтық реттеу жоқ деп айтса да болады. Сонымен қатар, бұл міндеттердің тізбесі жедел-ізвестіру қызметінің қажеттілігін толық түрде толтыра алмайды. Барлық аталған негіздерде көбінесе жалпы ЖІШ бірінде тұлғаларды ұстауды жазудың қажеттілігі байқалады. Алайда, біздің көзқарас бойынша басқа да ЖІШ өткізу барысында күш қолдануды заң нормативіне ендіру мақсатқа сәйкес болар еді.

Құқықтық реттеудегі кеңістікті ҚР ҚК-нің 34-бабының «Аса қажеттілік» ережесімен толтыруға болады. М.Р. Глушковтың айтылып кеткен көзқарасы бойынша «жемқорлықпен байланысты қылмыстар, заңсыз есірткі айналымы сияқты мемлекет пен қоғамға қауіптілігі зор. Ал осы есірткі және басқа да қылмыстардың заты мен құралын тәркілеуде күш қолданудан басқа амал қалмайды». Сондықтан, жедел-ізвестіру қызметкерлерінің әрекеті ҚР ҚК-нің 34-бабына сәйкес негізді бола алады.

Аса қажеттілік туралы нормалар құқықтық реттеудегі мақсатқа сәйкестігін негіз етіп, «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» ҚР Заңының 8-бабына дене күшін қолдану құқығын қосу бойынша өзгертулер мен толықтыруларды ендіру дұрыс болар еді. Заңның 11-бабына 5-тармақты төмендегідей мәтінмен толықтыруды жөн деп санаймыз:

«Жедел-ізвестіру шараларын өткізу барысында дене күшін, арнайы құралдарды, қару мен техникалық жабдықтарды қолдануға рұқсат етіледі».

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ кодексі.

3. Жедел-ізвестіру қызметі туралы: Қазақстан Республикасының

---

---

1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңы.

4. Құқық қорғау қызметі туралы: Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-ІV Заңы.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Заңы.

6. Сыртқы барлау туралы: Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 22 мамырдағы № 277-ІV Заңы.

7. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Заңы.

8. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мен Қорғанысы туралы: Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 Заңы.



**5 СЕКЦИЯ.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ШЕТ ЕЛДЕРІНДЕ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМАСЫНЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**СЕКЦИЯ 5.**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНО-  
ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ЗА РУБЕЖОМ**

**ЦИФРЛЫ (САНДЫ) ФОТОГРАФИЯ БОЙЫНША  
САБАҚТАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ**

*Абылгазиев Б.А.,*

110 топ курсанты, қатардағы полицей

*Ғылыми жетекшісі: Бапанов М.Т.,*

қылмыстық құқық және криминология кафедрасының  
оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі,

полиция аға лейтенанты

ҚР ПМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы

Қазақстан Республикасы ПМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының оқу жоспарында криминалистика пәнін оқытуда «Цифрлы фотография және бейнежазу» атты тақырып бойынша сабақ қарастырылған. Аталған тақырыпты оқып үйренудің негізгі мақсаты құқық бұзушылықтарды ашу, тергеу және алдын алу барысында, курсанттар жүйелі түрде санды фотография әдістері мен құралдарды дұрыс және тиімді қолдана білуді көздейді. Білім беру кезінде жастар тек қана оның теориясымен шектелмей, алған білімдерін кейін соңды әлеуметтік үрдісте де дұрыс қолдана білу туралы, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында айтқан [1].

Осы мақсатқа жету келесідей нақты сұрақтарды шешу

---

---

арқылы жүзеге асады:

- құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу кезінде қолданылатын цифрлы фотография әдістері мен құралдарды іс жүзінде қолдана білуді оқыту;

- қылмыстың салдары және басқа да іздерді, дәлелдемелік мәні бар ақпараттарды бекіту үшін санды фотографияны пайдалануды үйрету;

- тергеулік тексеру, тінту, жауап алу және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу барысын фотографиялық бекітуді оқыту;

- шетел мамандарымен дайындалған тергеу практикасындағы жетістіктерді, ұсыныстарды зерделеп, келешектегі ғылыми зерттеулерде қолдану [2].

Осыған байланысты цифрлы фотография және бейнежазу тақырыптары бойынша аудиториялық (дәріс, семинар) сабақтар беріледі. Сонымен қатар, курсант өзіндік дайындық барысында қабылдаған білімдерін бекітудің негізгінің бір нысаны ретінде тәжірибелік сабақтар өткізу жатады.

Қазіргі заманның сұранысына сай, сабақты өткізу барысында әдетті цифрлы (санды) технологияның негізінде жасалған фотоаппараттар қолданылады.

Осы мақалада біз тек қана курсанттармен бір сабақта ғана орындалатын келесідей **тәжірибелік тапсырмаларды қарастырамыз**, олар келесі:

1. Цифрлы (санды) фотоаппаратының құрылысы мен негізгі бөлшектерін оқып білу.

2. Фотографияға түсіруге дайындалу барысында фотоаппаратпен жұмыс жасау ережелерін машықтану.

Осындай тәжірибелік сабақты өткізу үшін төмендегідей материалдық жабдықтар болу керек:

1. Әр тыңдаушыға бір санды (цифрлы) фотоаппарат.

2. Фотоаппаратты қолдануға арналған нұсқаулар - барлық курсанттарға.

3. Масштабтық сызғыштар – 10 дана.

---

---

4. Мәйіт манекені, оқулық объектілер: атылған оқтың үлгілері, атылған гильзалар үлгілері, бұзу құралдар, оқулық пышақтар, дактилокарта үлгісі [3].

**Тәжірибелік сабақты өткізу әдісі:**

Оқытушы сабақтың алдында курсанттардың сабаққа катысуын тексеріп, келмеу себептерін анықтайды, жазбаша конспектiлерiн тексередi.

Оқытушы алғы сөзінде тақырып бойынша тәжірибелік сабақты өткізудің жоспарымен курсанттарды қысқаша таныстырады. Тәжірибелік сабақта өткізілетін тапсырмаларды түсіндіреді, цифрлы фотографияны қолдану мағынасын ашып көрсетеді.

Қазіргі таңда соттық фотография сот, тергеу және сарапшылық жұмыстарында кеңінен қолданылады. Осы себептен, алдағы қойылған міндеттерді барынша толық атқару үшін, келешекте ішкі істер органдарында қызмет атқаратын мамандар ғылыми-техникалық құралдарды, оның ішінде криминалистикалық фотографиялық құралдарды да толығымен игеріп, оны жоғары дәрежеде қолдана білуге тиісті.

Сонымен, фотографиялық әдістердің сапалы жақтары мынада десек болады:

- қажетті көріністі тез уақытта бекіту мүмкіншілігінде;
- жоғары дәрежедегі туралықпен бекіту мүмкіншілігінде;
- оны қолдану барысындағы қауіпсіздігінде [4].

Көрсетілген тәжірибелік тапсырмаларды орындау үшін, оқытушы келесі әдістемені білу керек:

Тәжірибелік тапсырманы орындау барысында, курсанттар оқытушының карамағымен цифрлы фотоаппараттың негізгі бөлшектері мен оның құрылымын оқып үйренеді.

Аталмыш тапсырманы орындау барысында, курсанттар фотоаппаратты түсіруге дайындау кезіндегі ережелерді

---

---

үйрену керек. Ол үшін берілген фотоаппараттың сыртқы конструкциялық бүтіндігін, оның фотографиялық түсіруге жарамды екенін тексеруі керек. Фото құралдың блок-питаниясы (аккумулятор батареясының), флэш-картасының бар екеніне көз жеткізу керек. Сонымен бірге, санды фотоаппаратқа түсірілген көріністерді, компьютерлік жүйеге алмастыруды және өңдеуді және қажет болса фотоқағазға басып шығаруды үйрену керек.

Санды фотографияда – көріністер цифрлы ақпараттар массиві ретінде матрицада қалыптасады, матрица электронды құрал бола тұра жарықсезімталғыш материал мақсатында қолданылады.

Цифрлы фотоаппараттың қарапайым фотографияға қарағандағы артықшылығы:

- түсіру мен қорытынды кезеңнің тезділігі;
- түсірлім санының үлкен көлемі;
- түсіру режимін тез және қарапайым таңдау мүмкіншіліктері;
- панорама және арнайы эффект шығару жеңілдігі;
- бір құралмен бірнеше функция жасау мүмкіндігі, айта кетсек фототүсіру және бейнекамерамен түсіру режимдерді қолдану;
- фотоаппаратураның салмағының жеңілдеуі мен габаритінің кішіреюі және т.б. [5].

Сонымен қатар цифрлы фотоаппараттар жалпы түсірілім жасауды, зерттеулік фотографиялар жасауды және криминалистикалық фотографияларды түрлі түсті көрсетілім ретінде алуға мүмкіндік береді.

Осы тапсырманы орындау барысында тыңдаушы санды фотоаппараттың нұсқауын алып, оны оқып, фотоаппараттың негізгі бөлшектері жайлы білім алады.

Содан кейін бірнеше рет түсірілім жасап көріп, цифрлы фотоаппараттың дисплейінен (мониторынан) түсіру сапасы мен нәтижесін қарап бағалайды. Сонымен бірге, санды

---

---

фотоаппаратқа түсірілген көріністерді, компьютерлік жүйеге алмастыруды және өңдеуді, кажет болса фотоқағазға түсірген көріністерді басып шығарады [6].

*Сабақты қорытындай келе*, оқытушы курсанттардың білімдерін тексеріп, бағалайды.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. – 1997. – 11 октября.

2. Дулов А.В. Судебная фотография: учебное пособие. – Минск, 1978.

3. Аубакиров А.Ф., Коваленко С.Б. Криминалистическая цифровая фотография: учебное пособие. – Алматы: ВШП “Әділет”, 2001. - 230с.

4. Абуов А.Ғ. Криминалистика негіздері: оқу құралы. – Қостанай, 2002. – 216 б.

5. Гинзбург А.Я., Оганов Н.И., Поврезнюк Г.И., Россинская Е.Р., Бегалиев Е.Н. Криминалистика негіздері: жоғары және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп баспасы, 2007. – 272 б.

6. Сатыбалдинов М.Т. Оқиға болған жерді қарау барысындағы фотографиялық әдістер мен тәсілдерді қолдану ерекшеліктері // Проблемы совершенствования правовых основ борьбы с преступностью и деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан и стран ближнего зарубежья: материалы междунар. науч.-практ. конф. Ч. 2. – Алматы: ООНИиРИР Академии МВД РК, 2004. – 470 с. 430-433 бб.

---

---

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ  
БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ КЕПІЛДІ ҚОЛДАНУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Айтбаева А.Ш.,*

302 оқу тобы

***Ғылыми жетекшісі: Шакжанов А.Т.,***

кылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының доценті,  
полиция подполковнигі

ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Қоғамның саяси жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер құқықтық құрылысты тиімді өзгертуді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егер, сапалы заңдар болмаса, онда оған әрдайым өзгертулер мен түзетулер енгізу қажет болады», - деген [1, б. 19]. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасындағы мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі елеулі түрде өзгерді. Бұл өзгерістер қылмыстық-процестіктегі бұлтартпау шарасы ретінде көрініс табатын кепілге де өз әсерін тигізді. Кепіл Қылмыстық-процестік кодексінің 145-бабында сипатталған. Кепіл - сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша оларға күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін соттың депозитіне күдіктінің, айыпталушының өзінің не басқа адамның ақша енгізуінен тұрады, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізуші орган қабылдайтын жылжымайтын мүлік пен басқа да бағалы заттар түрінде салатын ақшадан тұратын бұлтартпау шарасы. Кепілдің құндылығын және ауыртпалықтың жоқ екендігін дәлелдеу кепілгерге жүктеледі. Аса ауыр қылмыстар жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты, сондай-ақ осы Кодекстің 148-бабының тоғызыншы бөлігінде көзделген жағдайларда

---

---

кепіл қолданылмайды. Кепіл тергеу судьясының санкциясымен не соттың қаулысы бойынша ғана қолданылады. Кепілдің мөлшері күдіктің ауырлығы, күдіктінің, айыпталушының жеке басы, қылмыстық іс-әрекеттің сипаты, кепіл берушінің мүліктік жағдайы ескеріле отырып айқындалады. Күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдары немесе сот шақырғанда келуден жалтарған жағдайда кепіл мемлекет кірісіне аударылады. Кепілді тағайындау тәртібін құқықтық реттеу нақтылық пен толықтылық талаптарына сай келмейді, бір жағынан, қылмыстық іс бойынша қалыпты іс жүргізілуін қамтамасыз етуші құралы ретінде берілген процестік мәжбүрлеу шарасын уақытылы және тиімді қолдануы күрделі болса, ал, екінші жағынан, мүдделі тұлғалар үшін кепілді тағайындау барысында жанасатын Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілденген жеке мүлкіне қол сұғылмаушылық құқығын (26-б. 3-бөл.) қалпына келтіру мүмкіндігінің қиын екендігі белгілі. Сондықтан, кепілге тартылуы мүмкін сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысушыларға қатысты салыстырмалық түрде талдау жүргізу үшін Ресей заңгерлерінің пікірлерін қарастырайық. Кейбір процессуалист-ғалымдар кепілді қылмыстық-процестік қызметінің кез келген қатысушысына қолдануға болатындығы туралы қорытындыға келген. Мәселен, В.В. Мозяков: «Мұндай қорытындыға келудің себебі мынада, яғни талданып отырған кепілді тағайындау негіздерінің бар болуы жағдайында, қылмыстық іс бойынша іс жүргізіп отырған сотпен, тергеу органымен немесе белгілі бір лауазымды тұлғамен іске қатысуға тартылатын немесе қатысуға рұқсат етілетін кез келген іс жүргізуге қатысушыларға қатысты қолданыла алады», - дейді [2, б. 263].

Алайда, сот пен тергеу органдарына шақырту бойынша себепсіз келмеген жағдайда кепілді қолдану – өзекті мәселе. Өйткені, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына келуге ынта білдірген тұлғаға белгілі бір бөгетші жағдайлар пайда

---

---

болуы мүмкін екендігін ескеру керек.

ҚР ҚПК-нің 156-бабындағы: «...іс жүргізу міндеттерін орындамағаны және сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін ...өзге де адамдардан ақша өндіріліп алынуы мүмкін» деген сөйлемі де нақты тұжырымдалмаған. Заңнама «өзге де адамдар» санатына кімдерді жатқызатындығын нақты көрсетпеген. Норманың осы кейпіндегі мәніне негізделіп талдау жасасақ, онда өзінің процестік міндеттерін орындамаған кез келген іс жүргізудің қатысушысына кепілді қолдануға негіз бар. Дәл осындай тұжырымға Е. Варпаховская келген болатын. Оның пайымдауынша: «Процестік мәжбүрлеу шараларының осы түрін шақырту бойынша анықтаушыға, тергеушіге, прокурор мен сотқа келуден жалтарған азаматтық жауапкерге (ҚР ҚПК-нің 74-б. 4-бөл.); қорғаушыға – күдікті мен күдіктінің мүдделерін қорғауды жүзеге асыру барысында әрмен қарай қорғаудан негізсіз бас тартқаны үшін қолдануға болады (ҚР ҚПК-нің 66-б. 5-бөл.). ҚПК-де анықталған процестік міндеттерін орындамаған сарапшыға кепілді қолдануға жол беріледі (ҚР ҚПК-нің 79-б. 5-бөл.)» [3].

Менің ойымша, осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, біз жүргізіліп отырған қандай да болмасын тергеулік әрекеттерге бөгет жасаған немесе кедергі келтірген азаматтар мен лауазымды тұлғаларды да кепілге тарту мәселесін заңнамалық реттелуі қажет екендігі туралы ойға келеміз. Тергеулік әрекеттер әр түрлі болуы мүмкін, мәселен: оқиға болған жерді қарау, алу, тінту, тергеу эксперименті, мәйітті эксгумациялау және т.б. Осы тергеулік әрекеттерді тәжірибеде жүргізу барысында кедергі келтіретін жағдайларды жоққа шығаруға болмайды. кепіл қолданылуы мүмкін іс жүргізудің қатысушылары қатарында тек жәбірленуші мен куә нақты көрсетілген, ал, басқа да іске қатысушылар тобына заңнама (ҚР ҚПК-нің 10-тарауына сәйкес) – сарапшыны, сот отырысының хатшысы мен сот приставын енгізген. Сонда, заңнама осы аталған іс жүргізудің қатысушыларына да кепілді қолдану мүмкіндігін



---

---

бере ме? Олай болса, бұл қатысушылар неліктен ҚР ҚПК-нің 156-бабында көрсетілген кепілге тартылуы мүмкін іс жүргізудің қатысушылары қатарына кірмеген? Қоса айтатын жағдай, бұл нақты көрсетілген қатысушылар – ҚР ҚПК-нің 71-б. «Жәбірленуші» және 78-б. «Куә» нормаларында процестік міндеттерін орындамағаны үшін жауапкершілік ретінде кепіл қолданылатындығы тікелей көрсетілмеген. Құқықты қолдану тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тергеу кезінде айыпталушылардың 100 %-на қатысты бұлтартпау шаралары таңдалады. Алайда тәжірибе сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында мәжбірлеудің екі түрі ғана қолданылады: айыпталушылардың 40 %-на дейін қамауға алынады, қалғандарына қатысты ешқайда кетпеу туралы қолхатпен ғана шектеледі. Кепілді қолданудың үлесі 1-2 %-дан асатыны сирек кездеседі. Күдікті, айыпталушы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамның шақыртуы бойынша келуден жалтарғанда, ұлтартпау шарасы қатаңырақ шараға ауыстырылады. Мұндай жағдайда прокурор сотқа кепілді мемлекет пайдасына асыру туралы ұсынысты енгізеді. Қалған жағдайларда сот үкім немесе істі тоқтату туралы қаулыны шығарғанда кепілді кепіл берушіге қайтару туралы сұрақты шешеді.

Жоғарыда атап кеткендей, қылмыстық-процестік жауапкершілік идеясымен бірнеше авторлар келіспейді. Олардың пікірлерінше, процестік жауапкершілік заңи жауаптылықтың бір түрі ретінде өмір сүрмейді [4, б. 130-152]. Осы жөнінде Е.М. Клюков былай дейді: «Процестік мәжбүрлеу шаралары қандай да бір заңи жауаптылықтың бір түрі ретінде қарастырыла алмайды, өйткені кез келген заңи жауаптылық – бұл материалдық құқықтың белгілі бір нормаларының бұзылғандығының дәлелденген фактісінің нәтижесі және кез келген заңи жауаптылық – бұл материалдық құқықтың санаты» [5, б. 26-27].

Осыдан, ғалымдардың басым көпшілігі қылмыстық-процестік

---

---

жауапкершілікті тудыратын іс жүргізуге жат әрекеттер ретінде нақты бір тұлғаның қылмыстық-процестік заңы талаптарын бұзуын немесе тиісті бір процестік міндеттерін саналы түрде орындамауын қарастырады.

Өздеріне жүктелген міндеттерін орындамауына немесе дұрыс орындамауына байланысты қылмыстық процестің қатысушыларына кепілді тағайындау тәртібін реттеуге деген осындай көзқарас сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, дәлелдеу жинаудың тиімділігін арттыру мақсатын көздесе де, оның алдағы уақытта келешегі жоқ. Қылмыстық-процестік заңнамаларын жетілдіруге және құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыруға қажетті ұсыныстар жасалды.

Сонымен қатар, бұл баяндамада сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы кепілді қолдану кезінде туындайтын тәжірибелік кедергілер анықталып, оларды жоюдың жолдары ұсынылды. Кепіл бұлтартпау шарасын тәжірибеде жиі қолдануға жол ашу үшін заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатса, осы ұсыныстар ескеріледі деп ойлаймын.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. Идейная консолидация общества – как условие прогресса Казахстана. - Алматы, 1993.
2. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации / под общ. ред. В.В. Мозякова. – 2-ое изд. – М., 2002.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: тәжірибелік құралы. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2019.
4. Малейн Н.С. Правонарушение: понятие, причины, ответственность. – М., 2004.
5. Клюков Е.М. Мера процессуального принуждения. – Казань, 2005.

---

---

**СООТНОШЕНИЕ ПОЛНОМОЧИЙ РУКОВОДИТЕЛЯ  
СЛЕДСТВЕННОГО ОРГАНА ПО УПК РФ  
И ПОЛНОМОЧИЙ НАЧАЛЬНИКА СЛЕДСТВЕННОГО  
ОТДЕЛА ПО УПК РК**

*Аубакирова А.М.,*

5 курс

***Научный руководитель: Бекетов А.О.,***

старший преподаватель кафедры уголовного процесса,

кандидат юридических наук, капитан полиции

Омская академия МВД России

Начальник следственного отдела как участник уголовного судопроизводства известен уголовно-процессуальному законодательству Республики Казахстан (далее - РК) и Российской Федерации (далее - РФ) со времен СССР. Так, п. 5а ст. 21 УПК КазССР от 22.07.1959 года гласил: «... начальник следственного отдела - начальник департамента (главного управления), отдела, отделения Государственного следственного комитета и его органов, начальник департамента (главного следственного управления, управления), отдела, отделения органов национальной безопасности, внутренних дел и его заместители, действующие в пределах своей компетенции...» [1]. П. 6а ст. 34 УПК РСФСР от 27.10.1960 года закреплял, что «... начальник следственного отдела - начальник следственного комитета, управления, службы, отдела, отделения, группы органов внутренних дел, органов федеральной службы безопасности, федеральных органов налоговой полиции и его заместители, действующие в пределах своей компетенции...» [2].

В настоящее время действующее уголовно-процессуальное законодательство РК (в отличие от РФ) сохранило статус начальника следственного отдела как участника уголовного судопроизводства, определяя (в ч. 1 ст. 59 УПК РК) его как:

---

---

«начальник следственного подразделения органа, осуществляющего досудебное расследование, и его заместители, действующие в пределах своей компетенции» [3]. С принятием в 2001 году нового (ныне действующего) УПК РФ в уголовном процессе появился новый участник уголовного судопроизводства – руководитель следственного органа, который сменил начальника следственного отдела. Понятие руководителя следственного органа предусмотрено п. 38.1 ст. 5 УПК РФ: «руководитель следственного органа - должностное лицо, возглавляющее соответствующее следственное подразделение, а также его заместитель» [4].

Рассмотрим полномочия руководителя следственного органа (ст. 39 УПК РФ) и начальника следственного отдела (ст. 59 УПК РК), которыми они наделены для осуществления своей профессиональной деятельности.

Анализируя полномочия, которыми в соответствии с уголовно-процессуальным законодательством наделены руководитель следственного органа и начальник следственного отдела, мы приходим к выводу, что руководитель следственного органа в РФ, в отличие от начальника следственного отдела в РК, обладает большим кругом полномочий.

К сходным полномочиям руководителя следственного органа и начальника следственного отдела относятся: поручать производство предварительного следствия следователю либо нескольким следователям; изымать уголовное дело у следователя и передавать его другому следователю; создавать следственную группу (группу следователей); принимать уголовное дело к своему производству; разрешать отводы, заявленные следователю, а также его самоотводы; отстранять следователя от производства по делу.

Среди полномочий руководителя следственного органа и начальника следственного отдела имеются существенные различия, рассмотрим несколько из них. Так, руководитель следственного органа своим постановлением уполномочен

---

---

отменять незаконные или необоснованные постановления следователя (п. 2 ч. 1 ст. 39 УПК РФ). Согласно законодательству РК, отмена незаконных постановлений следователя относится к полномочиям прокурора (п. 10 ч. 1 ст. 193 УПК РК), а начальник следственного органа уполномочен лишь обращаться к прокурору с ходатайством об отмене необоснованного процессуального решения следователя (п. 8 ч. 2 ст. 59 УПК РК).

Также российский законодатель наделил руководителя следственного органа полномочием возвращать уголовное дело следователю со своими указаниями о производстве дополнительного расследования (п. 11 ч. 1 ст. 39 УПК РФ), в свою очередь законодатель РК не закрепляет за начальником следственного отдела такой возможности. Считаем, что отсутствие у начальника следственного отдела полномочий по возврату уголовного дела следователю для производства дополнительного расследования обусловлено тем, что законодатель РК не подменяет полномочия прокурора полномочиями начальника следственного отдела.

В заключение рассмотрения полномочий руководителя следственного органа и начальника следственного отдела, мы делаем вывод о том, что российский законодатель возложил на руководителя следственного органа несвойственные ему надзорные функции, которые должны возлагаться на прокурора. Считаем, что руководителя следственного органа необходимо наделить только теми полномочиями, которые позволят ему осуществлять процессуальный ведомственный контроль за деятельностью следователя на стадии досудебного расследования.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Уголовно-процессуальный кодекс Казахской ССР от 22.07.1959 года // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K590001000>.  
Дата обращения: 16.03.2019 г.

---

---

2. Уголовно-процессуальный кодекс РСФСР от 27.10.1960 года // [http://www.democracy.ru/library/laws/federal/up\\_kodex/page1.html](http://www.democracy.ru/library/laws/federal/up_kodex/page1.html). Дата обращения: 16.03.2019 г.

3. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 04.07.2014 г. № 231-V (в ред. от 21.01.2019 г.) // <https://online.zakon.kz>. Дата обращения: 16.03.2019 г.

4. Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации от 18.12.2001 г. № 174-ФЗ (в ред. от 27.12.2018 г.) // <http://www.consultant.ru>. Дата обращения: 16.03.2019 г.

## **МЕСТО И РОЛЬ ОРГАНОВ ПРОКУРАТУРЫ В СОВРЕМЕННОЙ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ**

*Венц А.,*

студент 5 курса специальности

«Правоохранительная деятельность»

***Научный руководитель: Попов В.С.,***

доцент кафедры права, кандидат юридических наук

Костанайский филиал Челябинского государственного  
университета

Исходя из норм Конституции Российская Федерация является правовым федеративным государством. В Российской Федерации, как и в любом другом правовом государстве, заложен принцип разделения властей, который был разработан более 300 лет назад Дж. Локк и Ш. Монтескье в трактате «Два трактата о правлении» и «О духе законов».

Современный отечественный ученый, доктором юридических наук Т.Н. Радько выдвигает свои дополнения к принципу разделения властей, а именно наличие президентской и контроль-надзорной ветви власти.

Ст. 10 Конституции Российской Федерации говорит о том, что «Государственная власть в Российской Федерации

---

---

осуществляется на основе разделения на законодательную, исполнительную и судебную». Отсюда возникает вопрос, к какой ветви власти относятся органы прокуратуры Российской Федерации? Ведь сама Конституция Российской Федерации не позволяет нам определить к какой именно, более того Федеральный закон № 2202-1 «О прокуратуре Российской Федерации» не восполняет данный правовой пробел. Нормы ч.1 ст.129 Конституции Российской Федерации прямо указывают: «Полномочия, организация и порядок деятельности прокуратуры Российской Федерации определяются федеральным законом» [2].

Данное обстоятельство подвергает к критическим мнениям по поводу определения места органов прокуратуры в действующей системе органов государственной власти в Российской Федерации. Ведь данный вопрос на протяжении порядка 30-40 лет остается дискуссионным и актуальным. Нет и единого мнения среди ученых-правоведов, производящих исследования в данной области.

К примеру, одни авторы выдвигают мнение, что органы прокуратуры необходимо признать как институт всех трех ветвей власти. Но данное мнение, на наш взгляд, является абсурдным. Ведь органы прокуратуры в соответствии с действующим законодательством не наделены правом законодательной инициативы. Также в соответствии со ст. 118 Конституции Российской Федерации судебная власть в России осуществляется путем конституционного, гражданского, административного и уголовного судопроизводства, где судебная власть сосредоточена в руках суда. Также в соответствии с Федеральным законом «О прокуратуре Российской Федерации» прокуроры не имеют полномочий издавать судебных решений [1].

Другая точка зрения основывается на том, что органы прокуратуры должны являться самостоятельной ветвью власти, а именно контрольно-надзорной. Проблема данной точки

---

---

зрения заключается в том, что помимо органов прокуратуры в контрольно-надзорную ветвь власти необходимо отнести и другие государственные органы, к примеру, Счетную палату Российской Федерации.

Стоит отметить, российская прокуратура не является и инструментом президентского контроля, эта функция реализуется через Администрацию Президента, Главное контрольное управление, полномочных представителей в федеральных округах, некоторые другие органы. Прокуратура же осуществляет надзор от имени Российской Федерации, а не Президента.

Если обратиться к исследованиям, которые непосредственно проводились Научно-исследовательским институтом укрепления законности и правопорядка при Генеральной прокуратуре РФ в 1999 г., согласно данному исследованию 62,9 % прокурорских работников полностью поддержали и 18,2 % частично поддержали идею о том, что неправильно относить прокуратуру к одной из традиционных ветвей власти, так как ее деятельность не укладывается в рамки какой-либо из них [3].

Бұл, біздің түсінігімізше, шартты атау біздің қолымыздағы ешқандай дерек Әз-Тәуке хан заманында қабылданған заңдардың жетеумен шектелгенін айтпайды. Екіншіден, дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарында ережелерді белгілі бір принциптермен жүйелеу кездесе қоймайды. «Жеті жарғы» жайлы» деп аталатын соңғы жылдардың жақсы бір еңбегінде академик С.З. Зиманов пен Н.У. Өсеров біршама жүйелі зерттеу жұмысын жүргізді. Аталған авторлар ұжымы: «Біздің пікірімізше «Жеті жарғы», «Жеті жарлық», «Жеті дау», «Жеті шешім» деген ұғымды білдіреді. Оларға жер дауы, құн дауы, барымта, айып-жаза, алым-салық тағы басқалары кірген» деп «жеті» мағынасын тек сандық тұрғыдан қабылдауды ұсынады [7, б. 127].

Тақырыпты қорытындылай келетін болсақ, «Қасым ханның қасқа жолы» бір ғасырдай өз қызметін атқарған соң, тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, Есім ханның (1598-1645 жж.) тұсында «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңдық жүйе өмірге келді. Аталған екі заң жүйесі еш өзгеріссіз ХҮІІ ғасырдың аяғы немесе ХҮІІІ ғасырдың басына дейін қазақ жұртының игілігіне қызмет етті.

---

---

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. – Ташкент, 1889. – Т. 1. – Б. 25; Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – Б. 9.
2. Леонтьев А.А. Обычное право киргизов // Юридический вестник. 1890. – Т. 5. – № 5. – С. 122; Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – Б. 10.
3. Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 150 б.
4. Марғұлан Ә.Х. Қасым ханның қасқа жолы // ҚСЭ. – Алматы, 1975. – 6-том. – Б. 541- 542.
5. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX веков. – Алма-Ата, 1971. – С. 344-345.
6. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. – М.: Наука, 1982. – 64 с.
7. Зиманов С., Өсеров Н. «Жеті жарғы» жайлы // Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата: Наука, 1989. – Б. 122-141.

## **МОЛОДЕЖЬ – КЛЮЧЕВОЙ ФАКТОР КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ КАЗАХСТАНА В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ**

*Касенова Д.Е.,*

слушатель, рядовой полиции

Санкт-Петербургский университет МВД России

Указом Первого Президента Республики Казахстан 2019 год был объявлен «Годом молодежи», а это значит, будут найдены новые механизмы трудоустройства, формы занятости и досуга, новый стимул получают образовательные

---

---

организации, в стране будут реализованы сотни проектов, направленных на поддержку молодёжи.

23 января 2019 года состоялась церемония открытия «Года молодежи», которая прошла в павильоне «Нұр Әлем». Среди приглашенных гостей были победители конкурса «100 новых лиц», выпускники «Болашака», молодые ученые и бизнесмены – это молодые люди, которые в свои 20 лет, уже имеют достижения в науке, культуре, бизнесе и спорте. Они прибыли из разных регионов страны, чтобы встретиться с лидером нации Нурсултаном Назарбаевым и поучаствовать в старте Года молодежи [1].

Был учрежден Фонд Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы. Его миссия - развивать потенциал общества, помогать талантливой молодежи и поддерживать общественно значимые социальные проекты, а также способствовать реализации проектов неправительственных организаций, которые решают важные социальные проблемы в казахстанском обществе и формируют диалоговые платформы по таким вопросам, как политика, экономика, международные отношения и безопасность [2].

Молодость – это время принимать осознанные и нестандартные решения, определять свой профессиональный и жизненный путь, добиваться намеченных целей и смело идти вперед.

Задача казахстанской молодежи - сохранение опыта прошлого и создание нового будущего!

В Казахстане очень много талантливой молодежи, у каждого есть своя интересная история. Численность молодежи сегодня - 4 миллиона человек, из них 2,3 млн. живут в городах и 1,7 млн. живут в сельской местности.

В стране сегодня существует 549 молодежных организаций, 10 из них в масштабах Республики, они объединяют молодежь по интересам.

Особое внимание государство уделяет подготовке молодых

---

---

специалистов в технической сфере и в образовании. По направлению «Технические науки и технологии» выделяется около шести тысяч грантов, на «Образование» – более восьми тысяч.

Молодое поколение - это в первую очередь, прогрессивное поколение, в руках которых будущее нашей страны. Сделать мир лучше и передать опыт следующему поколению - это наша главная задача.

Ценности и традиции формируются с детства. Успешные дети, благополучные граждане и патриоты своей страны - все это начинается в первую очередь с семьи. Семья - это надёжный тыл, фундамент формирования мировоззрения каждого человека.

Одной из главнейших в педагогической теории К.Д. Ушинский считает мысль о народности воспитания. Система воспитания детей в каждой стране, отмечал он, связана с условиями исторического развития народа, с его нуждами и потребностями.

«Есть одна только общая для всех прирожденная склонность, на которую всегда может рассчитывать воспитание: это то, что мы называем народностью. Воспитание, созданное самим народом и основанное на народных началах, имеет ту воспитательную силу, которой нет в самых лучших системах, основанных на абстрактных идеях или заимствованных у другого народа», - писал Ушинский [3].

Ушинский доказал, что система воспитания, построенная согласно интересам народа, развивает и укрепляет в детях ценнейшие психологические черты и моральные качества - патриотизм, национальную гордость и любовь к труду. Он требовал, чтобы дети, начиная с раннего возраста, усваивали элементы народной культуры, овладевали родным языком, знакомились с произведениями устного народного творчества.

Сегодня в Казахстане очень многое делается для

---

---

интеллектуального, духовного и физического развития молодёжи, получения достойного образования, трудоустройства, участия в общественно-политической жизни страны и, самое важное, для самореализации личности, готовой в будущем достойно представлять свою страну в мировом пространстве.

Государство готово помогать молодым казахстанцам начать свой путь к успеху, но, не подталкивая сзади, а протягивая руку потому, что представители поколения будущего должны сами проявлять инициативу рвения и трудолюбие.

Покорить жизненные вершины абсолютно реально, главное - сделать первый шаг к своим целям и мечтам.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. <https://tengrinews.kz/fotoarchive/1133/>
2. <http://presidentfoundation.kz/>
3. «Журнал для воспитания». - 1857. - № 1.

#### **М. ҚОЗЫБАЕВ – КӨРКЕМ ТІЛДІҢ ШЕБЕРІ**

*Кенжебаев Д.Б.,*

1 курс курсанты

*Ғылыми жетекшісі: Саркенқызы А.,*

тілдік дайындық кафедрасының профессоры,

филология ғылымдарының кандидаты, аға лейтенант

ҚР Ұлттық Ұланының Әскери институты

«Қазақ халқының тілі – әрі бай, әрі көркем тіл. Сан алуан көрікті де қанатты сөздер мен нақыл сөздер халық тілінде көркемдеп бейнелеуші, өрнектеп мәнерлеуші тәсілдер де сонда», - деген пікір айтады филология ғылымдарының докторы, академик М. Серғалиев [1, б. 264]. Халықтың

---

---

осы құнды рухани байлығын М.Қозыбаев көркемдікпен қолданады. « көңіл байлығына негізделетін нақышты сөз саптауы, парасатты ой-толғауы, айқын дауысы, адамшылық ар-ожданы білімпаздығын сұлуландырған, білімпаздығы ділмарлық, шешендік, ақындық болмысын нұрландырған есіл сабаздың өмірі мен шығармашылық мұрасы жайындағы қадау-қадау ой-түйінділер көңіл айнасында көлбеңдеп елестеді. ... Кең құлашты, ой-өрісі шексіз сұңғыла ғалымның салтанатты мәслихаттарда тілдің балын тамыза, майын ағыза сөйлеген сөздерін сан мәрте тыңдап, ойым мен бойымды түзегенім бақытты, сәулетті минуттарға балаймын», - деп М.Қозыбаевтың шешендігіне филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов тәнті болады [2, б. 138].

«Көңілі – дария, сөзі – жыр, ақылы – алмас, тілі – дүр, дана да дара туған Манаш Қозыбаевтың ...» тарихи еңбектері мен мақалаларында тілді көркемдікпен қолданып, айшықты сөздермен, шеберлікпен бейнелегені адамды бей-жай қалдырмайды [2, б. 82]. Келісті ойларын, келелі тұжырымдарын, ұтымды пікірлерін, суретті, бейнелі сөздермен, тұрақты тіркестермен, мақал-мәтелдермен шеберлікпен көркемдейді. Ол ғылыми дәйектерді, терең тұжырымдарды, саналы ойларын айшықты сөздермен, тың теңеулермен, көрікті ойлармен жеткізеді. Осы тұрғыда М. Қозыбаевтың сөз қолданысындағы бірнеше мақаласын тілге тиек етсек, мәселенің беті өзінен-өзі ашылары сөзсіз. Тарих тарланының сөз өнеріне деген сүйіспеншілігін, ерекше ықыласын, сөз қолдану шеберлігін, шешендігін «Ұлт болмысы», «Ұлт намысы», «Ұлт тілі», «Ұлттық мәдениет», «Ұлттың рухы», «Ұлтжандылық», «Ұлт зиялылары», «Азамат», «Жер тағдыры – ел тағдыры», «Сәлемнің де сәті бар», «Отан туралы сөз», «Тәуелсіз Отан - жүрегің, рухты халқың тірегің» деген мақаларынан анық көре аламыз. Автор өзінің жан әлемімен, рухани дүниетанымымен таныстырады.



---

---

М. Қозыбаев қазақтың бай тілін таңдап, талғап, таңдау шеберлігі, даралығы, жаңашылдығы мына сөздерден айқын көрінеді. Ол *қан*, *жан* деген сөздерді қолданып, оларды өзге сөздермен тіркестіріп, жаңашылдық танытады. Мысалы, «Ол (замана) бізге қымбат – ата-тарихымызды, ана тілімізді, дінімізді, ділімізді, қаз-қатар тұрғызып, «Қазақ» деген атауға *қан* мен *жан* кіргізгені үшін!» [3, б. 232]. «Рух – Отансүйгіш патриоттың *жаны* мен *қаны*». *Жан* сөзін *ұлт* және *отан* деген сөздермен тіркестіріп, «Тәуелсіздіктің көгілдір туы *ұлт жанды*, *ұлтқанды* ұрпағыңнан ұрпағыңа өтілсін!» [3, б. 228]. «Патриот деген гректің - Отан деген сөзінен пайда болған. Сонда патриотизм - өз Отанына деген өз халқына деген адалдық пен сүйініш – *отанжандылық*, *отансүйгіштік*» [3, б. 232]. «Ұлтжандылықтың әлеуметтік тұғыры – халық. Халық - өз Отаны үшін қандай да болмасын қиындыққа көнеді. Отанжандылық, ұлтжандылық - ұлтшылдық емес. Ұлтын сүю, оған табыну емес, ұлтына еңбек ету» [3, б. 232]. «Алаш зиялыларының шын мәніндегі *отанжанды*, *ұлтжанды* жандар екенін, олардың, *ұлтжандылығы*, *отанжандылығы* өркениеттік дәрежеде екенін көрсетеді» [3, б. 235]. Аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, ерекше өрнектей білген.

Автордың мақалаларында қарама-қарсы екі ұғымды салыстыру жиі кездеседі. «Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады», – деп саралайды К. Аханов [4, б. 176]. Автор ойын «қиыннан қиыстырып», «теп-тегіс жұмыр» ғып суреттеген. «Біздің қоғамда үш ұрпақ – үш буын қаз-қатар, қоян-қолтық өмір сүруде. Аға буын тіл тағдырын ойлап, *бұрқ етіп қайнап*, *сарқ етіп суалған*, «*тіліміз тірілді*» деп қуанған, «*тіліміз өшті*» деп қуарған», «*мың өліп*, *мың тірілген*» буын», « ... ана тілінің статусын мемлекеттік деңгейге көтерушілер қатарына белсенді түрде

---

---

енбегені үшін, қазақ ұлтының атын жамылып, тәуелсіздіктің *қызығын* алып, шыжығын үлкен ұлтпен бөлмегені үшін белгілі дәрежеде қысым жасау саясатын ұстану керек сияқты» [3, б. 223], «Азамат – деп *алды тар, арты жар* күрес жолында тұла бойы құласа да, тіккен туды құлатпаған, артын шулатпаған, тірісінде есімі аңызға айналған біртуар ұлын айтады» [3, б. 241], «Әрбір перзентіміз құлқынның құлы болмай, Отанның ұлы болса қандай бақыт!» [3, б. 242], «Ұлттық тілдің мемлекеттік статусын бірден жалпылама өткізіп, ісі ырғалып-жырғалып, *бір жалындап, бір арындап*, жатқан тұста сезінудің орнына билік жүйесіне еміну, телміру келді» [3, б. 222].

«Рух деген не?

Рух, Ахмет Байтұрсынов анықтамасы бойынша, халықтың жаны. Ж. Аймауытов өзінің «Педагогикасында» «сана» деген ұғымнан «жан» деген ұғымды кең, терең санайды».

Рух – туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда, Отанмен тағдырлас. Рухты жан қара басын күйіттемейді, ол ел, Отан, халық, ұлт деп толғанады. «сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан» – деген девизбен өмір кешеді. Ұлттық патриотизм деген осы. Қазақ жеріне қаны тамып, оның суын ішіп, нәрін татқан, болмысын, болашағын Қазақстаным – Отаным деп жатқан басқа ұлттың өкілдері ұлттық патриотизмді бүкілқазақстандық патриотизмге ұластырады. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың ұлтаралық, ұлысаралық келісім саясатынының түпқазығы осы.

«Отанның ауыр ісін рухы мықты ердің ері көтереді» деген сөзі халқымыздың «Жүктің ауырын нар көтереді, қазанның ауырын ел көтереді» - дейді халық.

Рухты ердің алды жарық, рухты елдің еңсесі биік, есесі мол. Сондықтан қазақ ұлының рухты болғанын, қызының қылықты болғанын тілейді. Ұлың рухты болса сүйікті,

---

---

қызың қылықты болса, бақытты. Рухты жан – Азамат – Адам, рухсызы тұғырсызы – надан не есалаң». Бір сөзбен айтсақ, Рух – адам баласының жан-дүниесінің арқауы. Рух, Ахмет Байтұрсынов көрсеткендей, «ұлы мақсат, ұлы мұрат» үстінде керек, «жұрт үшін, көп үшін» құрбандыққа шалдығуға даяр болған кезінде сезінесің. Ендеше, рух – отансүйгіш патриоттың жаны мен қаны. Рух үшін қымбат дүние – «жұрт қамы, жұрт ісі» - дейді.

Манаш Қозыбаев мақалаларында *рух* сөзі жиі қолданылады: «Аңырақай халқымызға *рух* берді, оның жер бетінде ұлт болып қалуын түбегейлі шешті. Аңырақай – қазақ тарихының асқар белі, қазақ *рухының* ту тігіп, ұлттық болмысын мәңгілік бойына дарытқан құбылыс» [3, б. 223]. *Қазақ рухы ту тігіп* тұрақты тіркесін авторлық тіркес деп әбден айтуға болады. «Халық – Отан тұғыры, ел іші – кеніш, көп қорқытады, терең батырады. Ал осы халық *рухты* болса, көші еселенеді, ол өз ортасынан батыр өсіреді, *рухсыз* халық қара тобырға айналады» деген қанатты сөзде ғалым «Халық – Отан тұғыры» деген өз пайымын халқымыздың белгілі «ел іші – кеніш», «көп қорқытады, терең батырады» мақал-мәтелдерімен түйіндейді. «*Рухты жан* Азамат – Адам, *рухсызы* – тұғырсызы – надан не есалаң» [3, б. 230]. М. Қозыбаев мағынасы қарама-қарсы рухты, рухсыз сөздерін ұтымдылықпен көркемдеп, оқырман жүрегіне жеткізеді.

«Тәуелсіз Отан – жүрегің, рухты халқың – тірегің», «Бірақ өркениет тарихында *рухты* халықтардың аты қалды, заты қалды. *Рухты* халықтың алды – жарық. *Рухты* халық – жасампаз алып. Тарих *рухтың* еңсесі биік, есесі мол екенін ертедегі гректер, римдіктер, византийліктер, ежелгі ғұндар, түріктер, шыңғыс хан дәуіріндегі мұңғылдар дәлелдеген» [3, б. 253]. Ғалым *рух* сөзін жиі қолданып, осы сөзге оқырман назарын баса аудартады. Елімізді мысалдар негізінде рухты болуға шақырады.

Келесі қанатты сөзінде тарихтың үш өлшемін оқырманға

---

---

шеберлікпен жеткізеді: «Тарих үш өлшемге негізделеді – Адам, Кеңістік (табиғат - орта), Уақыт. Әр пенденің бүгінгісі, өткендегісі, болашағы бар. Өткені – ғибратты, бүгінгісі – жарқын, болашағы – кемел болмаса, бұл өмірде мән де, сән де, нәр де жоқ».

Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орынды алуан түрлі тұрақты тіркестер кездеседі. М. Қозыбаев тебіреніске толы терең толғамдарын жай қарапайым сөзбен бере салмай, өзара синонимдес келетін **жай сөз бен фразеологиялық тіркесті** қосарлап (сөз+тұрақты сөз тіркесі) қолданады. «Қазақ халқының Отаны, *туып-өскен, кіндік қаны тамған* басқа қазақстандықтардың Отаны - Қазақстан» [3, б. 249]. «Ұлттың мысы *құриды, жасиды, майысқақ келеді*» [3, б. 238]. «Ол бізге қымбат – «*Отан*» деп жүрегімізді қақтырғаны үшін, «*Елім*» деп елеңдетіп, «*Жерім*» деп желпінтіп, *барша алныс екі тамырымызды игізіп, ата жұртын сүйдіргені үшін!*» [3, б. 232]. «Алдыңғы буын ағалардың кейінгі буын інілері, балалары туын биік ұстап, мәдениеттің Хан тәңіріне бір сәт *шаршамай, шалдықпай, торықпай өрлей беруі* – үміт оты!» [3, б. 232].

М. Қозыбаев мақалаларында өзара синонимдес **тұрақты тіркестерді де қатарластыра қолданып** (тұрақты сөз тіркесі + тұрақты сөз тіркесі), кемел, келелі ой-тұжырым мен ой-толғамдарын тереңірек баяндай түседі. «Фразеологиялық тұлғалар өзіндік қолданылу ерекшеліктеріне қарай, «мәтін ішіндегі мәтін» жасап, бір тіркес емес екі немесе одан да көп мағыналас фразеологизмдермен ерекше қатар түзейді. Мұндай жағдайда стильдік әсер мен айтушының ойын жеткізуде таптырмайтын мәнерлілікті туғызады. Мағыналас фразеологизмдердің мұндай табиғаты амплификация деп аталады». Амплификация тәсілін қолдану «ойды жан-жақты ашып көрсетуге, олардың қандай да болмасын ерекшеліктерін бөліп, дәл саралап көрсету арқылы, қабылданатын шындық, құбылыс, ситуация туралы ойымызды тереңдете түседі. Ең

---

---

бастысы – айтылар, жеткізілер ұғымды синонимдес сөз тіркестері арқылы тереңдете түсу» [5, б. 131]. М. Қозыбаев амплификация тәсілін шебер қолданады. Мысалы: «Рухты халықтың алды жарық, Рухты халық – жасампаз алып, тарих рухтың еңсесі биік, есесі мол екенін ертедегі гректер, римдіктер, византийліктер, ежелгі гундар, түріктер». «Аңырақай соғысында жауды аңыратып қана қоймай, қазақ қалмақтың сағын сындырды, бағын қайтарды. «Азамат – деп қай істі болса да өнер деп білген, өмір жолын еңбек жолы деп сүйген, Отаны үшін жалынға шарпылып, отқа күйген ел перзентін айтады» [3, б. 240], «Боданшылық идеологиясы біздің санамызды жегідей жеді, жүйкемізді жұқартты» [3, б. 249], «Ұлтымыз ұлағатты болуы, кемеліне жетіп толуы, өркениет төріне озуы ұлттың зиялы қауымына байланысты» [3, б. 242], «Тәуелсіздік біздің халыққа тегін келмеді. Талай ұрпақ зар жылап, жапа шекті, өмірлері өксікпен өтті» [3, б. 249]. Тарих ғылымының көшбасшысы атанған М. Қозыбаев өз пікірін, ішкі ойын, арман-мақсатын тұрақты тіркестер көмегімен бүкпесіз баяндауы тайға таңба басқандай көрінеді.

«Ұлттық нышандардың сақталу тәсілдері «мәдени кодтар» деп аталады. Бұл кодтардың көрінер тұсы жоғарыдағы географиялық атаулар мен тарихи тұлғалар аттары ғана емес, сонымен қатар күнделікті тұрмыста қолданылатын ұлттық атаулар, ұлттық тағамдар, этимологиялық талдауды қажет ететін көнерге заттар мен сөздер» - деп саралайды Авакова Р. [6, б. 29]. Ұлттық өрнекті жаңа қырымен жаңартып, жандандырып қолдануда М.Қозыбаев шеберлік танытады. Қазақ халқының ұғымына жақын, ұлттық болмысын танытатын «мәдени кодтарды» шығармашылықпен пайдаланады. Мысалы, «Түбіміз бір, түбіріміз бір Азия сахарасындағы іргелі халықпыз. Ортақ тіл, Қасымхан салған қасқа жол, Есімхан салған ескі жол, Тәуке ханның «Жеті жарғысы», бүкілхалықтық құрылтай, хан сайлау, жылдық миграция

---

---

жолын бекіту – осының бәрі біртектілікті тұтастықты, баршаға ортақ заңдылықты, әдет-салтты іске асырды» [3, б. 230], «Үш ғасыр бойы мұңғыл тектес тайпаларды бойына сіңіріп, енді өзінің ұлы *шаңырағынан*, өзбекке, ноғайға, башқұртқа, т.б. түркі тектес халықтарға *енші* берген қазақ, ұлы Мағжан айтқандай, *қара шаңыраққа* ие болып қалыптасты» [3, б. 230], «Патриотизм еш халықтың *еншісі* емес, ол барша адамзатқа тән құбылыс» [3, б. 235], «Жер – тәңірдің адамзатқа *енші* қылып тартқан ұясы, болашақ ұрпаққа бөлген мұрасы» [3, б. 243], «Ендеше қазақ жеріне *еншілес* кешегі *Алаш* ұрпағы» [3, б. 244], «*Аттансыз* күн кешпеген, атойсыз қоныс теппеген, асынған бес қаруын айлап шешпеген сол батырлардың заманасында Мұхаммед Қайдар Дулат Моғолстан хандарының соғысқанын жазады» [3, б. 250], «Тәуелсіздік алғаннан бері «Азаттық», «Бостандық», «*Алаш*», «*Тұран*» сияқты ұлы, қасиетті ұғымдарды *тон қылып жамылып*, қалың қауымды соңынан ерткісі келетіндер бұл күні жауыннан кейінгі саңырауқұлақтар сияқты қаптады» [3, б. 239].

Ой-толғамдары «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп» адамды бір тебіреніске бөлейді. Келер ұрпаққа болашақтың шамшырағы сияқты жүйелі, мазмұнды бағыт-бағдар береді. М. Қозыбаев әдеби тілді көркемдік дәрежеде қолданған. Кез-келген тілдің байлығын, орамдылығын, көркемдігін танытуда көркем әдебиет тілінің маңызы зор. Осы көркем әдебиет тілін автор аса үлкен жауапкершілікпен қолданады. Мақаланың қайсыбірін алмайық, оларда күйіну, үміт арту, сену, жанашырлық бар. Сан қырлы талант иесі, публицистика саласында да өзінің бедерлі, айшықты ізін қалдырғанына куә болдық.

Ұлы ғалымның тіл мәдениеті, сөз сапатау шеберлігі зерттеуді талап етеді деген ой қылаң берді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 
- 
1. Серғалиев М. С. Көркем әдеби тілі. - Астана, 2006. - Б. 264.
  2. Қозыбаев С.М. Жұлдызы жанған ғұлама. - Алматы: Атамұра, 2003. - 288 б.
  3. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 369 б.
  4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы, 2002. – Б. 176.
  5. Смағұлова Г. Фразеологияның варианттылығы. – Алматы: «Санат», 1996. - Б. 131.
  6. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. - Алматы, 2002. – Б. 29.

## **МОЛОДЕЖЬ – ДВИГАТЕЛЬ МИРОВОГО ПРОГРЕССА**

*Махиня С.А.,*

курсант 1 курса 442 учебной группы

*Научный руководитель: Редькин Д.В.,*

преподаватель кафедры вооружения и стрельбы, магистр,  
майор

Военный институт Национальной гвардии РК,  
г. Петропавловск

Свою статью я хотел бы начать со слов «Молодым везде у нас дорога, старикам везде у нас почет». Не зря эти слова известны каждому и имеют актуальное значение в настоящее время. В 21 веке, времени высоких технологий, когда вокруг все прогрессирует и развивается, большое внимание уделяется, в первую очередь, молодежи. Я считаю, что именно эта категория населения страны, обладает очень большим, я бы даже сказал, огромным потенциалом, у молодежи есть большое рвение развивать себя, а также свою страну. Правительство страны делает большой акцент на

---

---

качественном образовании. Во всех сферах деятельности, будь это бизнес, сельское хозяйство, государственная служба или промышленность, работодатели требуют от молодых специалистов знаний, умений и полной отдачи своему делу. Ведь нет смысла брать на работу человека, у которого нет желания работать. Являясь представителем молодежи, могу заверить, что нынешнее молодое поколение меняется. Социальные сети и различные гаджеты уже не вызывают у молодых людей сильной привязанности, но, тем не менее, компьютерные технологии являются неотъемлемой частью всех сфер деятельности нового поколения. Хотелось бы остановиться на теме цифровых технологий. В настоящее время, как уже было замечено ранее, жизнь человека и развитие страны невозможно, если не внедрять эти технологии. Цифровые технологии окружают нас, практически, во всех сферах деятельности населения. Существует бесчисленное количество различных сайтов и приложений, благодаря которым, не выходя из дома можно сделать все что нам необходимо. И все это придумывают молодые умы человечества. Также проходит мода на курение и употребление спиртных напитков, люди все больше начинают заниматься спортом. Сейчас в каждом городе, в любом дворе есть детские площадки, а также спортгородки. Открываются и функционируют множество различных спортивных, а также научных кружков и секций, проводятся культурно-массовые мероприятия. Наше государство также думает и делает вклад в развитие спорта в нашем регионе. Из наших городов и сел выходят именитые спортсмены мирового уровня. Молодежь Казахстана учится и работает по всему миру, наши специалисты востребованы во всех местах земного шара. Создаются программы обучения студентов в различных университетах мирового уровня. Создается Start up, выделяются большие инвестиции на развитие малого и среднего бизнеса, есть все шансы реализовать себя в



---

---

бизнесе, требуется только желание и немного энтузиазма. Правильно воспитанные люди имеют место успеху в своей жизни, но воспитание должно закладываться еще с ранних лет, ведь в этом раннем возрасте закладывается темперамент и формируется характер.

Сегодня не только отдельный человек, но и вся молодежь в целом имеет шанс на успех, только развивая свою конкурентоспособность. Особенность нынешней нестабильной обстановки в мире заключается в том, что именно конкурентоспособность человека становится фактором успеха нации. Любому современному гражданину Казахстана необходимо обладать немалым набором качеств, и среди безусловных предпосылок этого выступают такие факторы, как компьютерная грамотность, знание иностранных языков, культурная открытость. Такие программы, как «Цифровой Казахстан», программа трехязычия, а также конфессионального согласия - это работа проведенная для улучшения жизни нации. Это часть нашей конкурентоспособности. Для молодежи и нации, в целом, нужна установка. Установкой может быть ориентация на достижение конкретных целей с расчетом своих возможностей и пределов. Реализм и прагматизм - лозунг ближайших десятилетий. Молодое поколение также не забывает классику и народное творчество своей родины. Мудрость Абая, перо Ауэзова, проникающие до глубины души звуки Курмангазы и творчество ряда других выдающихся людей. Также нужно изучать историю своей страны в нашем многонациональном и многоконфессиональном государстве. У нас сложилась уникальная гармония, где соседями могут быть люди различных национальностей. В нашем государстве проводится работа по помощи людям с ограниченными возможностями, что является немаловажным фактором. В данный момент в Абу-даби проходят параолимпийские игры, где участвуют спортсмены со всего мира, сборная Казахстана также принимает участие в данном мероприятии мирового

---

---

уровня. Но данные особенности молодых спортсменов не мешает им своим примером доказывать силу своего духа. Полный расцвет нашего великого народа произойдет тогда, когда каждый гражданин начнет думать продуктивно и с пользой для себя и нации в целом, ведь поднимая свой авторитет он поднимает авторитет всей страны. Немаловажный факт, что в наше время очень приоритетным является выбор в качестве профессии государственную службу в частности военные специальности. Подъем статуса военного в Казахстане набирает обороты, хотя военные и так испокон веков считались уважаемыми и знатными людьми. Многие люди в детстве мечтали стать военными. В последнее время молодые парни с желанием и рвением идут в армию, это означает о наличии самосознания у них о долге своей родине. Таким образом в своём докладе хотелось бы отметить актуальность вопроса «молодежь двигатель мирового прогресса».

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жанғыру. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания: Программная статья Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
2. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан-2050»: культура мира, духовности и согласия: Выступление Президента Казахстана Н.А Назарбаева на 21 сессии Ассамблеи народа Казахстана // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
3. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее: Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

---

---

## МОЛОДЕЖЬ - ОСНОВА КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ СТРАНЫ

*Нуржанова Д.Б.,*

курсант 3 курса

*Научный руководитель: Табулденова Г.Б.,*

преподаватель кафедры СГД, магистр педагогических наук,  
капитан полиции

Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева

Казахстан - очень молодая страна. Более половины (52%) числа жителей страны еще не перешагнули тридцатилетний возрастной рубеж. Молодежь - это «вечный двигатель» будущего. Поэтому с уровнем развития, возможностями, ценностными ориентациями, степенью участия в экономической, политической и общественной жизни казахстанской молодежи связан путь Казахстана в будущее. Основы этого будущего закладываются в настоящем [1].

Сегодня молодежь – это одно из самых организованных, социально-активных слоев населения, она объективно является генератором новых идей, жизненной силой и энергией общества. Молодежь не просто будущее страны, это настоящее страны [2].

Молодежь Казахстана - это поколение, которое росло вместе со страной, вместе с Независимостью. За эти годы своим самоотверженным трудом, в мире и согласии, с верой в себя и страну, с мечтой о лучшем будущем для своих детей старшее поколение казахстанцев построило независимое, быстроразвивающееся, конкурентоспособное и уважаемое в мире государство. Оно создало прочный фундамент для того, чтобы казахстанские юноши и девушки были равными среди лучших в любой точке мира [3].

«Молодежь – это ключевой фактор конкурентоспособности

---

---

нашей страны в современном мире. Именно от вас, от ваших знаний, энергии и патриотизма зависит будущее Казахстана. Все, что мы делаем сейчас, делается ради вашей счастливой жизни, чтобы вы смогли в полной мере реализовать свой потенциал и возможности» – Нурсултан Назарбаев [4].

Указом главы государства от 14 ноября 2018 года нынешний год был объявлен в Казахстане Годом молодежи. Это дает большой толчок в развитие творческого, научного и профессионального потенциала молодежи, ее активному привлечению, а также к проведению социально-экономических преобразований в стране, в воспитание у нее чувства патриотизма и гражданской ответственности [5].

Молодежь – основа будущего Казахстана, должна получить новые возможности строить свое будущее собственными знаниями, созидательным трудом и энергией. Она должна активно продолжить формирование в XXI веке Нового Казахстана – развитого, конкурентоспособного и уважаемого в мире государства. Основы этого будущего закладываются в настоящем. Поддержка молодежи – это инвестиции в прогресс страны. С первых лет Независимости вопросы образования, здоровья, доступа к новым информационным технологиям, профессиональной и личностной конкурентоспособности, патриотического воспитания, успешной социализации молодого поколения были и остаются в центре внимания.

Одной из главнейших задач молодого поколения является сохранение межэтнического и межконфессионального мира и толерантности, воспитание у молодежи традиционных духовных качеств, таких как этническая и религиозная терпимость, уважение представителей других этносов совместно с укреплением светских начал общественной и государственной жизни что невозможно без знания истории своей Родины [6].

Нужно отметить, что обзор зарубежной практики играет несомненную роль при разработке и становлении отечественной

---

---

молодежной политики.

В целом результаты анализа международного опыта свидетельствуют о наличии различных подходов к разработке и реализации молодежной политики в странах Европы, СНГ, США, Японии, Китая, Индии и Турции.

Общую цель молодежной политики во всех странах можно обозначить как содействие бесконфликтной интеграции молодых людей в общество и повышение их самостоятельности.

Согласно опыту США, можно выделить развитие органов самоуправления в учреждениях образования, с целью повышения уровня влияния молодежи на принятие решений. Также они дают возможность приобретения необходимых социальных, культурных, коммуникативных, управленческих навыков. Там же внедрены механизмы привлечения коммерческого сектора, в том числе благотворительных частных организаций к участию в реализации программ и проектов молодежной политики по примеру государственно-частного партнерства.

Молодежь как самая активная и горячая движущая сила в любых новых начинаниях, всегда должна иметь свое направление. Ведь, как правило, сила, не имеющая определенного русла, рассеивается в пустоте, так и молодежь, не имея четких ориентиров и векторов развития, обречена блуждать в социальном сумраке. Поэтому любое развитое государство должно определять для своей молодежи конкретную политику, при которой весь потенциал молодых умов будет иметь четкий прицел [7].

Конкурентоспособность и прагматизм, обозначенные в программной статье Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», рассмотрены в двух уровнях – индивидуальном и национальном. *Сегодня не только отдельный человек, но и нация в целом имеет шанс на успех, только развивая свою конкурентоспособность* [8]. В контексте этой идеи, молодежь Казахстана демонстрирует высокие адаптивные способности и прагматизм, которые

---

---

выражаются в точном знании своего потенциала, его экономного расходования и умении планировать свое будущее. Конкурентоспособность страны интерпретируется социально-экономическими факторами, включающими в себя показатели качества человеческих ресурсов, эффективности финансовых вложений и степени развития инфраструктуры.

В целом, можно говорить о том, что современная казахстанская молодежь достаточно прагматична и конкурентоспособна. С одной стороны, это обусловлено требованиями самого времени, с другой – внутренняя модернизация казахстанцев, «перезагрузка» сознания с учетом глобальных и индивидуальных потребностей формирует нацию сильных и ответственных людей. Поэтому вполне очевидно, что в быстро меняющемся мире стратегические преимущества будут у тех государств, которые смогут эффективно развивать человеческий капитал, потенциал которого в большей степени сосредоточен в молодежи.

Главной задачей современной молодежной политики должно стать создание условий для расширения возможностей молодого поколения в участии жизни общества и направления молодежного потенциала на развитие Казахстана, обеспечения должного уровня её конкурентоспособности [9].

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Молодежь – будущее страны // <http://www.kst.adilet.gov.kz>.
2. О государственной молодежной политике в Республике Казахстан: Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 г. // <http://adilet.zan.kz>.
3. Молодежь - основа будущих побед Казахстана // <https://liter.kz>.
4. Молодежь – это ключевой фактор конкурентоспособности нашей страны в современном мире // <https://www.kazpravda.kz>.

---

---

5. Год молодежи // <http://www.kisi.kz>.

6. Ассоциация молодых историков Казахстана // [https://ehistory.kz/ru/contents/view/assotsiatsiya\\_molodih\\_istorikov\\_kazahstana\\_\\_332](https://ehistory.kz/ru/contents/view/assotsiatsiya_molodih_istorikov_kazahstana__332)

7. Становление молодежной политики Казахстана// <http://www.kst.adilet.gov.kz/ru/articles-inner/stanovlenie-molodezhnoy-politiki-kazahstana>

8. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. 12 апреля 2017 года // [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statyaglavyy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statyaglavyy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya) (дата обращения: 26.06.2018 г.).

9. О современной молодежи Казахстана // <http://www.nurinsk.gov.kz>.

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ПАЙЫМЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОД**

*Садвакасов Д.Ж.,*

1 курс курсанты

*Ғылыми жетекшісі: Саркенқызы А.,*

тілдік дайындық кафедрасының профессоры,

филология ғылымдарының кандидаты, аға лейтенант

ҚР Ұлттық Ұланының Әскери институты, Петропавл қ.

Тіл дамып, әдеби тілге айналған тұста шығыстанушы Н.П. Конрад айтқандай, жаңа этнос қалыптасып, биік тұғырға қонады. Тек тіл, тарих, әдебиет бірігіп, кірігіп, тұтас бір рухани материк болып ұлттың болмысын тудырады» - дейді [1, б. 221]. Осы айтылған ұлт болмысының қалыптасуында ұлт менталитетінің рөлі ерекше. Егер ұлттық ерекшелік болмаса, ұлтқа тән көзқарас, өзіндік дүниетаныммен, басқалардан

---

---

айырмашылығымен, еленбесе, әрі бұл қасиеттердің барлығы ұлт тілінде сақталып жеткізілмесе, онда менталитет туралы айту қиын. Менталитет сол ұлт жасаған, ұрпағына қалдырған материалдық және рухани мәдениеттерінде ғана сақталады. Бүкіл фразеологиялық құрам – сол ұлттың тілдік әлемнің бойына жинақталған ой сандығы.

Әр халықтың тілдік ерекшеліктерінде, ұлт мәдениетінде сол халықтың ұлттық сана-сезімінің, дүниетанымының, мінез-құлқының нысаналары ұрпақтан-ұрпаққа жетіп сақталады. «Ұлттық нышандардың сақталу тәсілдері **«мәдени кодтар»** деп аталады. Бұл кодтардың көрінер тұсы – топонимдік атаулар мен тарихи тұлғалар аттары ғана емес, сонымен қатар күнделікті тұрмыста қолданылатын ұлттық атаулар. Осы аталмыш кодтар қазақ фразеологизм құрамында көптеп кездеседі» [2, б. 29].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген бағдарламасында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын **рухани коды** болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу...

... замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» деп баса айтады [3, б. 3-4].

Осы ұлттық-рухани байланыстың бір бөлігі болып табылатын әдебиет – ақын-жазушылардың негізгі құралы. Кез-келген ұлттың болмысы әдебиеттен көрінеді.

Көркем шығармадағы, мақалалардағы ұлт тарихын, ұлт болмысын, дүниетанымы мен көзқарасын жеткізуде қызмет ететін тілдік қолданыстарды зерттеу – қазақ тіл біліміне зор үлес қосатыны сөзсіз Сондықтан да батыр бабамыз Б.Момышұлының осы мәселе жайында айтқан зерделі ой-



---

---

пікірлері зерттеу нысанына айналды.

Халқымыздың біртуар қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы ұлттық дәстүрге, ұлттық ұғымдарға баса көңіл бөлгенін оның шығармалары мен баяндамаларынан, мақалалары мен естеліктерінен танимыз. Ұлттық рухани кодтарға, «мәдени кодтарға» өз пікірін білдіріп, өз пайымы негізінде саралайды.

Ана тілі, ата дәстүр, салт-сана, рухани қазынаға қатысты мына сөзіне үңілсек: «Қай ұлттың болсын ана тілі, ата дәстүрі, салт-санасы – сол халықтың өзіндік қадір-қасиетін, жан дүниесін, тұрмыс-тіршілігін көрсететін төл белгілері. Олар – бүкіл бір халықтың өмір жолында ғасырлар бойы *мысқалдап* жинаған рухани қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған ардақ-мұрасы. Онсыз *қара шаңырағы* бар іргелі ел болып, бүтін ұлт болып қалу мүмкін емес. Ана тілі, ата дәстүр өзінен-өзі жалғаспайды немесе біреу сырттан келіп сен үшін көсегенді көгертіп сақтап та бермейді. Халықтың өз бет-бейнесінен айырылуы не сақтап қалуы – әрбір ұрпақ өкілінің өзінен кейінгі ізбасарларына *бабалар аманатын* қай сапада жеткізуіне байланысты» [4, б. 3].

Бұл пікірде *мысқалдап*, *қара шаңырағы*, *ата дәстүр*, *бабалар аманаты* деген сөздер мен тіркестер ұлттық болмысты танытатын тіркестер болып табылады. Мысалы, мысқал сөзінің мағынасы – 5 грамға жуық өлшем, яғни, шай қасық деген мағынады. Көкейге бірден «Қасықтап жинаған абыройды шелектеп төгіп алма» деген қанатты сөз оралады.

Б. Момышұлының келесі бір сөзі нағыз қазақ халқына тән, еш халық халқымыз сияқты бұл ұғымдарға баса назар салмайтын сияқты: «Бұрын қазақтар ер баланы еркелеткенде, басынан сипамаған. Арқасынан қаққан. «Басынан сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады» деп түсінген. Ата-ана, ел-жұртына қорған болатын, *шаңыраққа ие болатын* ұлдың

---

---

көзін жерден алмайтын жігерсіз, есіркеуді тілеп тұратын ынжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданады, жігерленеді, *еңсесін тік ұстап*, тура қарауға дағдыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ер жетсін деп ұлды *арқадан қағыпты*.

Ал қыздарды керісінше басынан сипаған. *Қыз – жатжұрттық, қыздың бағы – үйде емес, түзде*. Қыз басқа босағаны аттап, *өзге үйдің отын жағады*, ұрпағын өсіреді. Қызды «кететін бала ғой» деп еркелетеді. «Алдында не күтіп тұр екен, тағдыр-талайы қалай болады» деп басынан сипап аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады.

Арқадан қағу мен бастан сипаудың осындай талғамды астары, тәрбиелік мәні бар екен» [5].

Тәлім-тәрбиелік мәні бар, ұлттық дәстүрге негізделген бұл айтылғандарды әр қазақ біліп, бойына дарытса, ұлттық кодымыз сақталатыны сөзсіз. Осы мысалдағы *шаңыраққа ие болу* салтқа байланысты ұлттық ұғым болса, *еңсесін тік ұстау* тұрақты тіркес, ал, *арқадан қағу* тіркесі тура мағынада да, жанама мағынада да айтылып тұр. Ұл балаға қатысты: «*Басынан сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін тугызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады*», «*Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданады, жігерленеді, еңсесін тік ұстап, тура қарауға дағдыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ер жетсін деп ұлды арқадан қағыпты*» деген ырымдар бар. Ал қыз балаға қатысты ырым: «*Қыздарды керісінше басынан сипаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады*». Бұл ырымдардың мәні өте зор екені анық.

---

---

*«Қыз – жатжұрттық, қыздың бағы – үйде емес, түзде, өзге үйдің отын жағады» деген сөздер мақалға айналған ұлттың мәйегі болып табылады.* Батыр жазушының бірнеше мақалдың басын қосып, бәрін бір сөйлемге сыйғызған шеберлігіне таңданбасқа болмайды.

Б. Момышұлының келесі бір пайымына көз жүгіртсек: «Әжелер мен апалар жасы кіші жақындарын жақсы көргенде ұл болсын, қыз болсын, оларды құшақтап, маңдайынан не қолынан сүйеді. Қазір де ел ішінде жиі болмағанымен бұл әдет сақталып келеді. Жас балалардың маңдайынан иіскеп не сүйіп: *«Үлкен азамат бол!», «Бақытты бол!», «Өркенің өссін!», «Өмір жасың ұзақ болсын!»* - деп тілектерін қос қабат айтып жатады. Тегінде қазақ жас баланы, әсіресе, *кішкентай сәбиді бетінен сүймейтін, қызығып қарамайтын, таңданып сұқтанбайтын.* Бұлар – тыйымдар. Ертеден келе жатқан осы *ырым-тыйымдар* негізсіз емес.

Сәби құстың балапаны сияқты, нәзік әрі сыртқы әсерді өзіне тез қабылдайды. Ересек адамдар баланы мейірленіп сүйгенде әр адамның бойындағы әртүрлі деңгейде болатын биоөрісті сәби көтере алмайды. Сәбиде қорғану күші әлі жетілмегендіктен науқастанып қалады. *«Көз тиді», «сұқ өтті», «аш кірді»* деп жатамыз ондайда. Бұрын халық емшілері *сүмен ұшықтап, адыраспан, аршамен аластап, тұзбен емдеп* жататын. Әрине, ешкім де жас баланы әдейі ауыртайын демейді. Көп адамдар өзінің бойында, көзінде қандай дәрежеде өріс бар екенін біле бермейді, ол тіпті ойына да келмейді. Сондықтан сәбиге қатысты жерде үлкендердің абайлап, сақ болғандары жөн. Өте еміреніп жақсы көру зардапсыз емес, балаға қауіп болуы ықтимал» [5].

Осы пікірде халқымыздың қаншама тілек-батасы: *«Үлкен азамат бол!», «Бақытты бол!», «Өркенің өссін!», «Өмір жасың ұзақ болсын!»*; *ырым-тыйымдары: кішкентай сәбиді бетінен сүймейтін, қызығып қарамайтын, таңданып сұқтанбайтын; ұлттық мәндегі тұрақты тіркестер: «Көз*

---

---

*тиді», «сұқ өтті», «аш кірді»;* халық сенген салт-санасы: *емшілері сумен ұшықтап, адыраспан, аршамен аластап, тұзбен емдеу* өрістеп жатыр:

Белгілі бір ұлтқа тән, сол ұлт қолданысының әдет ғұрып, салт-сана, мәдениетіне байланысты кездесетін тұрақты тіркестер лингвистикада **этнофразеологизмдер** деп аталатыны мәлім. Осы **этнофразеологизмдер** немесе «мәдени кодтардың» көрінер тұсы сандық ұғымдармен байланысты.

Бауыржан Момышұлы «Жеті қазынаны» былайша зерделейді:

«Жеті қазынаның» діни сеніммен араласып кеткен, ертеден ел ішінде айтылатын және бір түрі бар. Оған алдымен *Қыдырды* атайды. Қазақтардың «Қыдыр баба қолдасын», «Жорытқанда жолдасың Қызыр болсын» деп бата беретіні сондықтан болса керек. Қыдыр қонбайды, Қыдыр дариды. Ол тек адамға ғана емес, жерге де, жан-жануар, өсімдіктерге де дариды деп жатады.

Екінші – *Бақ*. Бақты әдетте «бақыт» деп атайды. Ол Қыдыр секілді дарымайды, бақ адамға қонады. «Бақ басқа қонған құс» деп оны қанатты құсқа теңейді. Бақ қонған адам атакқа, даңққа, мансапқа, дәулетке ие болады. Біздің қазақтар «бақ қонсын», «бағың ашылсын», «басыңнан бағың таймасын» деп тілек айтады. «Бақ қонса, тасың алтынға айналады, бақ тайса, алтының тас болады» деп халқымыз тегін айтпаған.

Үшінші – *Ақыл*. Ақыл – адамға берілген шексіз байлық. Адамның жер-дүниеге ие болып, қожалық етіп отырғаны – ақылдың күші. Адам ақыл-парасатымен әлемді таныды. «Ақыл – тозбас тон», «Ақыл – таусылмас кен», «Ақыл байлық – азбас байлық», «Ақылдан нақыл шығады», «Ақылды дүниені ойлап табады» деген сияқты дана сөздер көп-ақ.

Төртінші – *Денсаулық*. «Тәні саудың - дені сау», «Денсаулық – зор байлық» деп қазақтар саушылықтың қадір-қасиетін қысқа да нұсқа ұқтырған. Демек, денсаулық патшаның

---

---

тағынан, дүниенің малынан қымбат.

Бесінші – *Ана*. Анасыз ұрпақ болмайды, адамзат өсіп-өнбейді. Алып та, ақын да, батыр да, данышпан да анадан туады. Әлем ананы мадақтап, ананы жырлап келе жатыр. Жер бетінде адамзат барда бұл солай жалғаса береді.

Алтыншы – *Тұз*. Қазақтар тұзды нанмен қатар қояды. Қайтыс болған адамды «дәм-тұзы таусылды» десе, әлдебір қауіп-қатерден аман қалғанда «татар дәм-тұзы бар екен» деп жатады. Қарғыстың жаманы да – «дәм-тұзым атсын» дейтін сөз. Опасыздық жасағанды «дәм-тұзды аттады» дейді. Қазақтар тұзды баспайды, тұзды төгіп-шашпайды, тұзға түкірмейді. Бұл – қатал тыйым. Обал болады, өйткені тұз қасиетті.

Жетінші – *Ит*. Ит иесіне өте адал, оның үйін, малын, қорасын қорғайды. Сырттан келген ниеті бұзық дұшпанды, ұры-қарыны бірден сезеді. Абалап үріп, иесіне хабар береді. Ит жақсылықты да, жамандықты да ұмытпайды».

Бауыржан Момышұлы әр сөзді мағынасын зерделеп, сөздің түп-төркінін жете меңгеріп, тереңіне үңіліп, байыбына барып орынды қолдану керектігін тілге тиек етеді. Кейінгі буынның тіл көркемдігін танысын деген игі тілек жатқандығы анық. Шынында да, сөздің мән-мағынасын түсінбей, тереңіне үңілмей, орынды-орынсыз жеріне қолдана беретін кездер болады. Жазылған сөз тасқа басқан таңбадай боп өшпей, кейінгі буынға қалдырылады. Жастар қателеспей, әр сөзді өз мағынасында қолдансын десек, өзіміз барлық сөздің түп-төркініне зер салып, қолданылу аясын біліп жүргеніміз абзал. Әдетте ақсақалды – шал, шалды – қария деп шатастырып, синоним ретінде кезектестіріп айта береміз. Шынтуайтқа келгенде, синоним сөздердің де қолданылар орны бар. Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қарттарды 4-ке бөлген Ол туралы былайша ой толғайды:

«Отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай, түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қарт кісіні «*Шал*» деген.

---

---

Бір әулеттің қорғаны, сүйеніші болып айрандай ұйытып, уықтай тіреп отырған кісіні «Қария» деген.

Тұтас бір ауылдың жоқ-жітігін түгендеп, жыртығын бүтіндеп, азаматын ардақтап отырған кісіні «Ақсақал» деген.

Бүкіл елдің сөзін сөйлеп, намысын жыртып, дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, ұрпақ бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген қартты «Абыз» деп атаған.

Жалпы «шал» деген араб тілінен аударғанда «өлмей әлі жүрсің бе?» дегенді білдіреді екен. Сондықтан сөздің мағынасын білмейтін әкесіндей адамдарды «шал» деп сөйлейтін адамдар сәл ойланыңыздар» [6].

Жоғарыда сараланған ұғымдар мен тұрақты тіркестер халқымыздың ұлттық ерекшелігін білдіреді. Егер ұлтты ажырататын белгілер болмаса, ұлтқа тән көзқарас болмаса, бұл ұғымдар ұлт тілінде сақталып жеткізілмесе, онда рухани қазына туралы айту қиын. Ұлттық дүниетанымнан көрініс беретін материалдар халқымыздың бойына жинаған ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл қазынасы болып табылады.

Осы айтылған пікірлерден қаншама баға жетпес тәлім-тәрбие алуға болады. Тәрбиеге бағытталған бұл ой сандықтарының берері орасан. Ұлттық кодты негізге алған пайым-пікірлердің мән-маңызы бар бағыт-бағдар беретініне сеніміміз мол. Рухани жаңғыруға жетелейтін бұл ұғымдардың берері орасан.

Ұлт тілі көркем шығармаларда ұлттық дүниетанымның көрінісін береді. «Қазақ халқының тілі – әрі бай, әрі көркем тіл. Сан алуан көрікті де қанатты сөздер, шешендік сөздер мен нақыл сөздер халық тілінде көркемдеп бейнелеуші өрнектеп мәнерлеуші тәсілдер де сонда», деп атап көрсетеді академик М.Серғалиев [7, б. 60]. Халқымыздың осы бай, әрі көркем тілін, рухани қазынасын, Бауыржан Момышұлы шығармашылықпен қолданған және ұлттық дүниетанымды анық танытқан. Қазақ тілінің құдіреттілігін қарапайым

---

---

ұлттық ерекшелікті білдіретін сөздермен көркем жеткізе білген.

Бабалар аманатын биік ұстап, рухани кодымызды, ұлттық кодымызды көздің қарашығындай сақтап қана қоймай, жас ұрпақ санасына құйып, бойларына дарыта алсақ, нағыз Мағжанша айтсақ, «Алаш аты аспандатқан», «иманы берік» жастар өсетініне ешкімнің таласы бола қоймас.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

